24 МАМЫР,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№55 (23 524)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Күн нұрымен жазылатын тарих
2-бет

Сот жүйесінде соны қадам
3-бет

Зерделі зерттеулерге зер салсақ...
8-бет

Елдіктің ерен белесі

Достық үйінде Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» атты XXVIII сессиясы өтті. Еске салып өтелік, бұл игілікті институтқа биыл 30 жыл толды. Алдымен сөз бастаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар келелі мәселеге байланысты оң пікір білдірді. Ассамблея қызметіне қоғамдық негізде тағайындалған тұлғаларды, басқосуға жиналғандарды Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейлі 30 жылдығымен құттықтады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өзара түсіністік келешегіміз үшін маңызды. Ымыра мен ынтымақ бар жерде береке бар. Тұтастық адамдар арасындағы сенім көпірі, бірлескен істердің берік іргетасы. Қай іс болмасын, тек ынтымақ пен келісімнің арқасында жүзеге асады. Бұл бір күннің шаруасы емес, ондаған жылдарға жалғасатын елдік міндет. Ал, ондай миссияны тек бір мақсатқа жұмылған, бірін-бірі қалтқысыз түсінетін ел ғана еңсере алады. Сондықтан да, осы ойымыз бүгінгі қоғамға, әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа бағытталған маңызды үндеу. Бірлік бар жерде – тірлік бар. Ал, тірлігі берекелі елдің келешегі де кемел, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі өткен маңызды басқосудың ерекше тарихи мәні бар екенін атап өтті. Осы үш онжылдық ішінде Ассамблея еліміздегі бейбіт өмір мен тұрақтылықтың айнымас тірегіне айналды. Татулық пен түсіністікті ұлықтап келе жатқан бұл ұйым бүгінде этносаралық қатынастар саласындағы теңдессіз тәжірибесімен танылған бірегей институт.

2-бет

● ТАЛАПКЕР – 2024

Соңғы қоңырау сыңғыры

Бүгінде облыста оқу жылы 23 мамырда аяқталды. Барлық мектептерде «Білім – Отанымa» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті. Биыл аймақта 16 745 бала 9 сыныпты аяқтап, 8267 оқушы 11 сынып бітірді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасы мамандарының мәліметінше, биыл өңірде үздік аттестатқа үміткерлер саны айтарлықтай артты. Оқу жылында «Алтын белгі» төсбелгісін алуға 222 түлек, үздік аттестатқа – 514 адам, 9 сыныптың үздік аттестатына – 858 адам үміткер.

9 және 11 сынып оқушылары үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімі де белгіленді. 9 сынып оқушылары үшін мемлекеттік емтихандар 29 мамыры мен 10 маусымы аралығында өтеді. Ал 11 сынып түлектері 30 мамыр мен 16 маусым аралығында бес емтихан тапсырады.

Жалпы, бүгінгі таңда өңірде 404 мектеп жұмыс істеп, 175 мыңнан астам оқушы білім алуда.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Білімпаздар биіктен көрінді

Қарағанды облысының командасы Астанада 7-8 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиадада 13 жүлделі орынға ие болды. Зияткерлердің қоржынында үш алтын, алты күміс және бес қола бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиадаға облыс атынан 22 оқушы қатысып, оның 10-ы жаратылыстану-математика бағыты бойынша, ал, 12-сі қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша сайысқа түсті. Жалпы, Қарағанды облысы жаратылыстану-математика бағыты бойынша екінші, қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша үшінші орынды иеленді.

Жеке есепте алтын алғандар қатарында Н.Нұрмақов атындағы мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы Адият Әуесхан, №1 «Білім-инновация» лицей-интернатының 8 сынып оқушысы Асқар Ғабдолла және №1 «Білім-инновация» лицей-интернатының 7 сынып оқушысы Алан Абдульдинов бар.

«Кәсіпкердің» көкжиегі кең

Қарағанды – көмірімен де, қарекетімен де тіршілік көшін алға сүйреп келе жатқан өңір. Бұл аймақта кеніштер мен комбинаттармен бірге, жаңаша ойлайтын, тәуекел етіп, іс бастаған кәсіпкерлердің де үні айқын естілуде. Осы белсенділікті қолдап, кәсіпке дем беру мақсатында іске қосылған «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы биыл да жемісін бере бастады.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

4-бет

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай	10447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға	5882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3074,60 тг

Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru
Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 572.53 ●USD/KZT 507.07 ●RUB/KZT 6.37 ●CNY/KZT 70.37

Қазақстан Ұлттық Банкінің 24 мамыр, 2025 жылғы дерегі бойынша

● «ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА»

Күн нұрымен жазылатын тарих

Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытындағы маңызды жобалардың бірі – Саран күн электр станциясы халықаралық сарапшылардың назарында. Жақында Қарағанды облысына келген Жасыл климат қорының (GCF) атқарушы директоры Мафальда Дуарте ханым бастаған делегация дәл осы нысанға арнайы сапар жасап, оның әлеуетімен танысты. Бұл сапар еліміздің жасыл экономикаға бет бұрудағы табанды қадамын халықаралық деңгейде бағалауға бағытталған. GCF басшысы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев пен Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ЕҚДБ өкілдерімен күн станциясының жұмысын бағалады.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде адамзат баласы ауаға шашып келген көмірқышқыл газынан арылып, экологиялық апаттың алдында тұрып қалған шақта баламалы энергия көздеріне көшу – тек таңдау емес, ұрпақ алдындағы парызға айналды. Қазақстан бұл бағытта нақты қадамдарға барып отыр. Соның бір айғағы – қуаты 100 мегаватт болатын, 300 мыңнан астам фотоэлектрлік модулі бар Саран күн электр станциясы. Бұл – күн сәулесін электрге айналдыратын тірі лаборатория. Және де бұл кешен 160 гектар аумақты алып жатыр.

Кешен жұмысы туралы «SES Saran» ЖШС бас директоры Евгений Гребенников жан-жақты баяндап берді. Оның айтуынша, бұл жоба мемлекет пен жергілікті атқарушы органдардың тікелей қолдауының арқасында жүзеге асқан. «Жасыл экономика туралы» Заң – инвесторлар үшін темірқазыққа айналған маңызды құжат. Жер бөлуден бастап, техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға дейінгі барлық процестер «ашық терезе» қағидаты бойынша шешілген.

Станция жылына орта есеппен 120 миллион киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді. Бұл санның өзі мыңдаған отбасының жарығын жағып, өмірін жарықтандырып жатқанын көрсетеді. Қуаттың бәрі KEGOC-тың орталық желісіне жіберіліп отырады, яғни, ұлттық энергетика жүйесіне үлес болып құйылып жатыр. Ал, бұл кешенге техникалық қызмет көрсететін бар болғаны 11 адам – олардың дені жергілікті тұрғындар. Демек, бұл тек күн энергиясын ғана емес, жаңа жұмыс орындарын ұсынғалы отырған станция.

GCF мен ЕҚДБ арасындағы келісімшарттары өзгеріссіз әрі қатал – бұл инвестицияның сенімділігі мен тұрақтылығын білдіреді. Инвесторлар үшін бұл – батыл қадам жасауға мүмкіндік беретін берік тірек.

Мафальда Дуарте ханым Саран станциясын аралап болған соң өз әсерімен бөлісті: «Бұл – менің Қазақстанға алғашқы сапарым. Біз мұнда жай ғана көз жүгіртіп кету үшін емес, маңызды бағыттарды айқындау үшін келдік. Бүгінгі көргеніміз – біздің бағыт дұрыс екенінің айғағы. Сарандағы станция – бүкіл бағдарлама шеңберіндегі ең ірі жоба. Ол GCF қаржыландырған жобалардың 40 пайызына тең. Біз мақсатымызға жеттік деп айта аламыз». Оның бұл сөздерінен бір үміттің, бір сенімнің, әрі жалғасатын бастамалардың лебі сезілді.

Қонақтар сапары тек өндіріс нысандарымен шектелмеді. Делегация Қарағандының рухани ордасы саналатын – Әбілқас Сағынов атындағы техникалық университетке де ат басын тіреді. Бұл оқу орнының қабырғасында болашақ энергетиктер мен инженерлердің үміті мен ғылымы тоғысып жатыр. Университетте жасыл энергетика саласындағы ғылыми жобалар көрмесі ұйымдастырылды. Бұл жобалар – ертеңгі күннің іргетасы, бүгінде салынған ғылымның сәулесі.

Бүгінгі таңда Қарағанды атауы көбіне көмірмен байланыстырылып жатады. Алайда, бұл өңірдің жүрегінде күнмен жазылған жаңа тарих басталып келеді. Экологияға жанашырлықпен қарау – дамыған елдің, өркениетті қоғамның көрінісі. Сарандағы күн электр станциясы – осы жолдағы Қазақстанның батыл қадамы.

Бұл жобаның табысты болуы – келешекте осындай станциялардың көбейетініне сенім ұялатады. Ал, күн нұрымен жарық алған әрбір отбасы – еліміздің энергия тәуелсіздігіне, экологиясының тазалығына қосқан үлес.

Табиғаттың үнін тыңдай алатын ел ғана өркениетті болмақ. Қазақстан бүгінде жай ғана энергия өндіріп отырған жоқ, ол жасыл болашаққа жол ашты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Елдіктің ерен белесі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның арқасында Қазақстан бүкіл әлемге үлгі боларлық қоғамдық келісім мен ынтымақтың моделін қалыптастырды. Облыс әкімі өз сөзінде Ассамблеяның тарихы ел тәуелсіздігімен қатар өрбігенін ерекше атап өтті. 1995 жылы құрылған ұйым сол кездегі қиын-қыстау уақытта қоғамды біріктіретін маңызды саяси шешім болған. Ал, 2007 жылы оған конституциялық мәртебе беріліп, жалпыхалықтық бірліктің мызғымас тұғырына айналды.

Соңғы жылдары Ассамблея қызметі жаңа белеске көтерілді. Енді оның ұсынысымен Сенаттағы бес депутатты Президенттің өзі тағайындайды. Бұл – түрлі этностардың мүддесін жоғары деңгейде ескеруге жол ашқан маңызды қадам. Бұдан бөлек, елімізде алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылып, қоғамдық келісім мен татулықты сақтауға бағытталған нақты жұмыстар атқаруда. Қазір бұл бастама мемлекеттік органдардың барлығына ортақ іс болып отыр. Министрліктерден бастап, ауыл әкімдіктеріне дейін Ассамблеяның жұмысына белсенді араласып, бірліктің бекем болуына атсалысып келеді.

Үш онжылдық жай ғана өте салған уақыт межесі емес. Тағдырлы таңдау жасаған Тәуелсіз Қазақстан халқының ортақ тарихы, ортақ жүріп өткен жолы. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – бірлік пен келісімнің, ынтымақ пен жасампаздықтың жарқын мерейі. Әр азаматтың жүрегінде тұнған сенім мен сабырдың, өзара сыйластық пен ұлтқа деген шынайы махаббаттың салтанаты. Облыс әкімінің сөзімен айтқанда, өзара түсіністік – келешектің кілті. Расында, ел болып, еңсе тіктеп, ұлт болып ұйысу, тек бірлік пен өзара құрметтің арқасында ғана бек мүмкін. Ассамблея сол ұлы ұғымның өміршең үлгісі, елдіктің ерен белесі. Бүгінде Қазақстан жүзден астам ұлт пен ұлыстың берекелі шаңырағына айналған айбынды мемлекет. Дәл осы бір жетістік – әрбір азаматтың бейбіт өмірге қосқан үлесі, өзара түсіністіктің, ашық диалог пен сенімнің жемісі. Осы сабақтастық үзілмесін! Себебі, біз түрлі-түсті тасын теріп, ұлт мозаикасын ұлағатпен құраған елміз. Қоғамдық келісімді сақтау бабалар аманаты, болашаққа апарар жаңылыстырмас жол. Сондықтан, әрқайсымыздың жүрегімізде бірақ тілек болуға тиіс болар. Ол бірлікпен біте қайнасқан Мәңгілік Қазақстан жасайық деген тілеу!

– Ассамблея – елдің ұйытқысы, достық пен татулықтың алтын арқауы. Соның арқасында елімізде әр этностың мәдениеті мен тілі дамып, тұтас ұрпақ бейбіт өмір сүріп келеді. Біз бір дастарқан басында бас қосқан біртұтас отбасы іспеттіміз. Бұл – бір күннің емес, ғасырлар бойы жалғасатын елдік міндет. Жас ұрпақ дәл осы бірлік пен келісімнің маңызын терең түсініп өссе, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. Біз – татулықты ту еткен Мәңгілік Елміз! – деп тұжырды ойын Қазақстан халқы Ассамблеясының ардагері Сәлима Нұрмағанбетова.

Айта кету қажет, орталық облыста бүгінде 24 этномәдени бірлестік табысты жұмыс істеп келеді. Аталған ұйымдар – жөнекей мәдени орталықтар емес, ұлт пен ұлыс арасындағы рухани көпір, татулық пен тағылымның тірегі. Әр бірлестік түрлі этностардың төл дәстүрі мен тілін, әні мен өнерін жаңғырту жолында жанкешті еңбек етіп, еліміздің рухани байлығын еселеп келеді. Әрбір бірлестік – өзінше бір мәдениет ордасы, ал, олардың ортақ миссиясы – бірлікке негізделген ұлт болмысының жарқын бейнесін қалыптастыру.

Әлем жұртшылығы Қазақстан халқы Ассамблеясын бүгінде қоғамдық институт емес, толеранттылықтың, бейбіт өмір мен өзара құрметтің жаһандық үлгісі ретінде мойындап отыр. Аталған құрылым – сан ұлтты бір шаңырақ астында ұйыстырып, ұлт пен ұлысқа ортақ үйлесімнің өркениетті моделін қалыптастырған бірегей бастама. Ассамблея Қазақстанның халықаралық деңгейдегі рухани брендіне айналып үлгерді. Мұның нәтижесінде елімізді әлем татулықтың туын тіккен мемлекет, этносаралық келісім мен ынтымақтастықтың шынайы шеберханасы ретінде таниды. Яғни, көреген саясаттың, саналы ұстанымның әрі бірлік пен сабырды басты құндылық еткен елдің ортақ мерейі. Бүгінде Қазақстан тәжірибесі түрлі елдер үшін бейбіт өмір сүрудің, этностар теңдігін сақтаудың озық үлгісі саналып, Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, бірқатар халықаралық ұйымдар тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Сессия жұмысына қатысқан Ассамблея мүшелері, мәдени бірлестіктер төрағалары, жекелеген лауазымды тұлғалар, зиялы қауым өкілдері жылы лебіздерін қоса білдіріп, ұлықты ұйымның бүгінгі тынысына оң баға берді. Аймақтың әр өңірінен онлайн режимде қатысқан Ассамблея мүшелері сөз алып, ұсыныстарын алға тартып, сессия жұмысына сәттілік тілесті. Бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Парасат» орденімен және мерекелік медальдармен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қоғаммен кері байланыс

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды қабылдады. Мұндай жүздесулер тоқсан сайын ұйымдастырылып, өңір тұрғындарына тікелей әкімге өтініш айтуға, мұңын жеткізуге мүмкіндік береді. Қарапайым тұрғын үшін – бұл тек кездесу емес, үміттің есігі, көпке дейін жауапсыз қалған сұрақтардың иесін табар сәті.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындар көтерген мәселелердің ауқымы кең: бірінің баспана мәселесі бар, екіншісі Чернобыль апаты салдарын жоюшылардың әлеуметтік мәртебесі туралы айтып келді, ал, үшіншісі еңбек құқықтарының бұзылғанына алаңдаулы. Әр сұрақтың астарында жеке өмір, отбасы, болашаққа алаң.

Қабылдауға келгендердің арасында кәсіпкерлер де бар. Олар шағын және орта бизнеске қатысты шешімін таппай келе жатқан жүйелі мәселелерді атап өтті. Әкімдік деңгейінде шешілмейтін түйткілдер де жоқ емес, бірақ, бастама билік тарапынан тыңдалуы – оның шешімге қадам жасағанын көрсетеді.

Инфрақұрылым, рұқсат рәсімдері, қаржыға қол жеткізу, ұзаққа созылатын келісімдер – мұның бәрі өндіріс ашпақ болған кәсіпкер үшін «көрінбейтін кедергілер» ғана емес, нақты тоқырауға алып келетін факторлар. Әкімнің өзі бұл бағытта жауапты органдармен бірге жұмыс жүргізілетінін айтып, кейбір мәселелерге байланысты түсініктеме берді.

Түсініктеме берілгендер болды, бірақ, қосымша тексеруді талап ететін өтініштер бақылауға алынды. Әкім әрбір айтылған өтініш пен уәж заң аясында қаралатынын нақтылап өтті. Қаралған әр мәселе тиісті ведомстволарға жіберіліп, олардың орындалуы әкім аппаратының қатаң бақылауында болмақ.

– Барлық мәселелер назарда. Біз әр жағдайды жеке қарап, оның шынайы мән-жайына үңілетін боламыз, – деді өңір басшысы.

Билік пен халық арасындағы аралық қысқарғанда, қоғам тынысы кеңиді. Әкімнің қабылдауы – сол аралықты қысқартудың жолы. Ал, әр көтерілген мәселе – тек өтініш емес, қоғамның айнасы. Оны шын ықыласпен тыңдау – ел басқарудың биік мәдениеті.

● БРИФИНГ

Білім көші тоқтамайды

Оқу жылының аяқталуы қарсаңында мектептерде орта білім туралы аттестаттарды тапсыру 18-20 маусымға жоспарланған. Ұлттық бірыңғай тестілеудің негізгі кезеңіне қатысуға 7 445 түлек өтініш білдірді. Тестілеу 16 мамыр мен 5 шілде аралығында үш аймақтық тестілеу орталықтарында өтеді. Биыл, сондай-ақ, облыста балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері өзекті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Әрбір қатысушыға екі рет тест тапсыру мүмкіндігі беріледі, ал, ең жоғары нәтиже білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін есепке алынады. Жазғы кезеңде облыста балалардың бос уақытын және жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылады. 152 мыңға жуық оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарланған. Бұл 1-10 сынып оқушыларының 95 пайызын құрайды. 11 мың бала демалатын 9 288 мектеп жанындағы тамақтандыру лагерінде 30 мың, тамақтанбайтын 311 мамандандырылған алаңда 110 мың оқушыға сауықтыру ұйымдастырылады. Сауықтыру 9 қала сыртындағы лагерьде, сонымен қатар, 288 мектеп жанындағы лагерьде тамақпен және 311 тақырыптық алаңда тамақсыз ұйымдастырылады, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Өткен жылы сәтті жүзеге асқан киіз үй лагері (этноауыл) Ақтоғай өңірінде өз жұмысын жалғастырады. Ол бес ауысымда 150 балаға арналған. Бір киіз үйге 10 бала сыяды, осындай 3 киіз үй болады.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «Жаздық жолдама – 2025» жобасы аясында Алматы облысындағы 970 ауылдан келген бала сауықтыру орталықтарына жіберіледі. Облыстың төрт колледжінде 4-7 сынып оқушыларына арналған лингвистикалық және шығармашылық лагерьлер жұмыс істейді. Облыстағы «Qarmet» және «Қазақмыс» кәсіпорындарының қолдауымен мыңнан астам жұмысшылардың балалары демалысқа жіберіледі.

– Тұрақты лагерьлер жоқ жерлерде білім бөлімдері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 300 балаға, соның ішінде, Алматы, Көкшетау және Түркістан облыстарындағы лагерьлерге жолдама сатып алды. Облыста Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы аудандары мен Теміртау қаласында лагерьлер бар. Биыл 100 мыңнан астам баланы, оның ішінде, 16 мыңнан астамы әлеуметтік осал санаттағы балалардың бос уақытын ұйымдастыру жоспарлануда, – деді басқарма басшысы.

Биыл, сондай-ақ, «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 5 мыңға жуық оқушы жұмыспен қамтылады. Жазғы кезеңде 45 қосымша білім беру ұйымдарында 41 мыңға жуық баланы қамту жоспарда.

Жазғы науқан ресми түрде барлық мектеп жанындағы лагерьлерде 2 маусымда басталады. Барлық мектептерде мүдделі мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз лагерь» және «Қауіпсіз аттракцион» профилактикалық акциясы өтеді. Судағы қауіпсіздік, алғашқы медициналық көмек көрсету және жазатайым оқиғалардың алдын алу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ауылдық және мектеп жанындағы лагерьлердің мұғалімдерін жарақаттар мен төтенше жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына үйрету жобасы жүзеге асырылуда.

– Қазіргі уақытта 52 колледж жұмыс істейді. Жаңа оқу жылында біз 92 түрлі мамандық бойынша мамандар даярлауды жоспарлап отырмыз. Мемлекеттік білім беру тапсырысы – 9 250 орын. Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу түріне құжаттарды қабылдау 25 маусымнан 18 тамызға дейін жүргізіледі. Төлемақы негізінде қабылдау 25 маусымнан 25 тамызға дейін жүргізіледі. Кешкі және сырттай оқу түрлері 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін жалғасады. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша құжаттарды қабылдау 25 маусымнан 20 шілдеге дейін жүргізіледі, ал, педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша 25 маусымнан 15 тамызға дейін, – дейді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Сот жүйесінде соны қадам

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің барлық саласына, соның ішінде, сот жүйесіне де жаңашылдықтарды белсенді түрде енгізуде. Цифрландырудың негізгі бағытының бірі – соттарда электрондық іс жүргізуге көшу. Өз кезегінде сот билігі мемлекеттің үш тармағының бірі ретінде халықтың сеніміне ие болуы тиіс. Бұл азаматтар мен заңды тұлғалар үшін сот төрелігінің тиімділігін, ашықтығын және қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Облыс аумағында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен сот төрелігінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін, сот жүйесін институционалды, кадрлық және техникалық тұрғыдан қайта құруға бағытталған бірқатар жүйелі реформа жүзеге асырылуда.

Сурет ашық дереккөзден

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сот әкімшілігі: жаңа құрылым, жаңа мүмкіндіктер

2023 жылдан бастап, облыстағы сот құрылымында елеулі өзгеріс орын алды. Соттарды ұйымдастырушылық жағынан қолдайтын «Сот әкімшілігі» деп аталатын жаңа орган құрылып, барлық әкімшілік-шаруашылық міндеттерді өз мойнына алды. Бұл – судьяны сот төрелігін ғана жүзеге асыратын тұлға ретінде бөлектеудің заңды тетігі болды.

Сот әкімшілігі – судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін орган ретінде кадрлық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық, сараптамалық жұмыстармен айналысады. Судья – тек үкім шығаратын тұлға.

Бүгінде департаменттің 27 филиалы бар, мыңға жуық қызметкер жұмыс істейді. Олар 230-дан астам судья мен мемлекеттік қызметшілердің жұмысын қамтамасыз етуде.

Қарағанды облысындағы сот жүйесінде цифрлық технологиялар кеңінен енгізіліп келеді. Атап айтсақ, істерді автоматты түрде бөлу, электронды құжат айналымы, чат-боттар арқылы ақпарат беру, сот актілерін электрондық қолтаңба арқылы бекіту және іс нәтижесін жасанды интеллект арқылы болжау сынды тиімді қызметтің бәрі іске қосылған.

Дерекке сүйенсек, сот процестерінің 90%-ы электронды форматта өтеді. Азаматтар сотқа келмей-ақ, арыз беріп, шешім алады. Мамандар қазіргі таңда бұл уақыт пен ресурсты үнемдеудің тиімді жолы болып отырғанын айтады.

Халықаралық тәжірибедегі үздік мысалдар

Электрондық іс жүргізуді енгізу бойынша әлемдік тәжірибеге зер салсақ, Эстония сот жүйесін толықтай цифрландыру бойынша көшбасшы болып отыр. Онда барлық сот процестері онлайн режимде жүргізіледі, ал, құжаттармен алмасу электрондық негізде. Эстонияның сот жүйесінде жасанды интеллекті қолдану арқылы шешім қабылдау процесін жеделдетуге және сот төрелігінің сапасын арттыруға әсер етті.

Сингапур соттары да цифрландырудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Онда сот отырыстары бейнеконференция арқылы өткізіледі. Ал, барлық құжат электрондық түрде сақталады. Сингапур соттарында қолданылатын электрондық платформалар процеске қатысушыларға іс материалдарына жылдам қол жеткізуге және сот процесінің барысын қадағалауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Англия мен Уэльс соттары да цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізуде. Онда онлайн режимінде арыз беру, құжаттармен алмасу және сот отырыстарына қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл сот процестерінің тиімділігін арттырып, қарапайым халыққа сот төрелігін қолжетімді етіп отыр.

– Қазақстандағы электрондық іс жүргізудің құқықтық негіздері Азаматтық іс жүргізу кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бірқатар заңға тәуелді актілерінде және қаулыларында бекітілген. 2018 жылдан бастап соттарда электронды құжат айналымын қамтамасыз ететін «Төрелік» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

Электронды кеңсе жұмысының артықшылықтары атап айтуға тұрарлық. Мысалы, жылдамдық пен тиімділік – істерді қарау уақытының айтарлықтай қысқаруы, транспаренттілік – іс материалдарына онлайн қолжетімділік. Сонымен қатар, қолжетімділік – сотқа бармай-ақ, құжаттарды тапсыру мүмкіндігі және ресурстарды үнемдеу – қағаз құжат айналымын және пошталық шығындарды азайту.

Алайда, оң өзгерістерге қарамастан, белгілі бір қиындықтардың да бар. Мәселен, техникалық ақаулар және жүйелерді үнемі жаңарту қажеттілігі, процеске кейбір қатысушылардың цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі және электрондық сәйкестендіру және қол қою мәселелері, – деп атап өтті бас маман, сот хатшысы Гүлбаршын Ғали.

Болашақта электрондық платформалардың функционалын кеңейту, басқа мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау, істерді алдын ала талдау және күнделікті процестерді автоматтандыру үшін жасанды интеллекті пайдалану жоспарлануда.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қазақстан Республикасы соттарындағы электрондық іс жүргізу – заманауи, ашық және қолжетімді сот жүйесін құру жолындағы маңызды қадам.

Сот практикасын саралау – әділдік кепілі

Сот тәжірибесін зерделеу мен талдау жұмыстары сот практикасының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, белгілі бір істер бойынша қабылданған шешімдер зерттеліп, заңнаманың біркелкі қолданылуына жағдай жасалады. Бұл қадам – құқықтық мемлекет қағидаларының орындалуына жол ашады.

Саладағы инфрақұрылым мен материалдық база – басты назарда. Сот реформасы аясында өңірдегі сот ғимараттарының жай-күйі, жабдықталуы, IT-инфрақұрылым да назардан тыс қалып отырған жоқ. Қазірдің өзінде аудандық соттарға дейін жаңғырту, бейнеконференция құралдарымен жабдықтау, қауіпсіздік шараларын жетілдіру сынды жұмыстар атқарылған. Болашақта атқарылатын жоспарлар нақтыланып, пысықталу үстінде.

Халық сенімін не арттырады?

Сот жүйесіне деген халық сенімі – реформаның нәтижесін бағалаудың басты көрсеткіші. Бұл бағытта облыста «бір терезе» қағидасымен қызмет көрсету орталықтары, онлайн кеңес беру, мобильді қосымшалар арқылы байланыс орнату тәжірибесі енгізілген.

Басты ұстаным – қарапайым азамат үшін әділдікке жетудің жеңіл жолын қалыптастыру екенін атап өту керек.

Түйін

Қарағанды облысындағы сот жүйесі – елдегі ең ірі құқықтық құрылымдардың бірі. Онда жүргізіліп жатқан реформалар бүкіл ел аумағындағы сот жүйесін жаңғыртуға үлгі бола алады. Цифрлық даму, кадрлық өзгеріс, әділеттілік қағидаттарын ұстану – бүгінгі реформалардың басты тірегі.

Мұқтаж жанға мүмкіндік

Бүгіннен бастап, баспанаға мұқтаж кез келген қазақстандық «Отбасы банктің» тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығының порталында есепке тұра алады. Банктің orken.otbasybank.kz порталында тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды тіркеу басталды. Электрондық цифрлық қолтаңба болса, жеткілікті. Тіркелесіз, өтініш бересіз, ал, жүйе сіздің баспанаға қаншалықты мұқтаж екеніңізді автоматты түрде тексереді. Егер сіздің атыңызда немесе отбасы мүшелеріңіздің атына соңғы бес жылда пәтер тіркелмеген болса, жүйе сізді тұрғын үйге мұқтаждардың тізіміне қосады. Мұндай өзгерістерге жол ашқан заң жобасы былтыр күзде қабылданған болатын. Заңдық күшіне бүгін енбекші.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Келісім беру маңызды

Өтініш берген соң 1414 нөмірінен SMS келеді. Онда жеке деректеріңізді жинауға келісім сұралады. Егер сіз бұл SMS-ке жауап бермесеңіз, өтінішіңіз мүлде қаралмайды. Демек, баспанаға жол тек жауапкершілікті азаматқа ғана ашық.

Бұл бастаманың ең басты артықшылығы – әділеттілік. Енді тұрғын үй кезегіне соңғы бес жылда атына үй тіркелмеген кәмелетке толған қазақстандықтар, жалғыз пәтері апатты деп танылған азаматтар ғана тұра алады. Бұл – нағыз мұқтаж азаматтар үшін әділ мүмкіндік.

Жоғарыда айтылғандай, егер соңғы бес жылда атыңызда пәтер тіркелген болса, немесе бұрын әкімдіктен үй алып, кейін оны жекешелендірген болсаңыз, жүйе сіздің өтінішіңізді қабылдамайды. Сондай-ақ, жалғыз апатты баспанаңыз басқа жерде болғанымен, сіз кезекке басқа өңірден тұрғыңыз келсе, бұл да бас тартуға себеп. Егер мемлекеттің қолдауымен ипотека алған болсаңыз, өтінішіңіз кері қайтарылады. Шындыққа сәйкес келмейтін құжат ұсыну баспаналы болу мүмкіндігінен біржола айырады.

Үй тегін берілмейді, бірақ, қолдау бар

«Отбасы банк» баспана кезегіне тұрған әр азаматқа үйді тегін бермейтінін ашық айтты. Бірақ, бұл қолдаусыз қаласыз деген сөз емес. Керісінше, банк сіздің әлеуметтік жағдайыңызға қарай тиімді ұсыныстар ұсынады. Олардың қатарында жалдамалы үйдің ақысын субсидиялау, әкімдіктердің арзан арендалық пәтерлері, бастапқы жарнасы аз, пайыздық мөлшерлемесі 2%-дан және 5%-дан аспайтын ипотекалық бағдарламалар бар.

Баспана жалға беріледі, бірақ, оны жекеменшікке өткізу құқығы қарастырылған.

Отбасын қолдау орталығының директоры Ләззат Қожахметованың айтуынша, кезекте тұрғанның артықшылығы 7-9%-бен үй алу мүмкіндігі болады. Екіншіден, ол үйді кейін өз атына аударып алу құқы бар.

– 2018 жылға дейін үй кезегінде тұрғандарға жалдамалы пәтерді сатып алу құқығы берілетін, алайда, содан бері бұл құқық алып тасталды. Енді осы заңмен бұл мүмкіндік қайта қайтарылады. Шаршы метріне қарай ақша төлеп, кейін жекеменшікке алады. Бұл – жақсы жеңілдік. Бұрындары келісім анасының атына жасалып, анасы қайтыс болып кетсе, балалары үй-күйсіз қалған жағдай болды. Кейін қалған сомасын төлеп, өз атына ала алады. Бұл – жақсы жеңілдік, – дейді ол.

Барлық дерек банкте

Бұрын тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың өтінішін әкімдіктер қабылдайтын. Енді бұл жауапкершілік толығымен Отбасы банкке өтеді. 2025 жылдың 24 мамырында бірыңғай ақпараттық жүйе іске қосылғаннан кейін әкімдіктер өздеріндегі бүкіл базаны банкке тапсырады. Бұл жұмысты олар 17 маусымға дейін аяқтауы тиіс. Egov.kz порталы мен kezekte.kz-тегі ақпаратты тексеруге болады. ЖСН арқылы кезек нөмірін қарап, қателік болса, әкімдікке жүгінген жөн. Электронды цифрлық қолтаңба мен ұялы телефон нөмірінің тіркелген-тіркелмегенін де тексерген жөн.

Бұдан былай «Отбасы банк» соңғы екі жылда мемлекеттік қолдаумен баспаналы болған азаматтардың тізімін ресми сайтында жариялап отыратын болады. Бұл баспана бөлу жүйесінің, шын мәнінде, әділ әрі ашық екенін көрсетеді.

Әлеуметтік осал топтарға көмек

Бүгінде бұл санаттағы жандарға қолдау баршылық.

– Биыл әлеуметтік осал топтағы 200-ден астам адам үйлі болды, – дейді Ләззат Таймырқызы. – Мемлекет бұрын осы санаттағы адамдарға арнап үй салатын. Оның шаршы метрі арзан болғандықтан, сапасы да сын көтермейтін еді. Немесе қаланың сырт жағынан құны 10 млн теңге көлеміндегі үйлер берілетін. Енді мемлекет құрылыс компанияларының дайын үйлерін сатып алуға ақша бөлуде. Былтыр Қарағанды қаласының өзінде 500 үй сатып алуға қаражат бөлінген болатын. Бұл бұрынғыдай шаршы метріне арзан емес, 350 мың теңгеден. Ондағы көздеген мақсат – әлеуметтік осал топтарды алаламау саясаты. Бұл бір жағы құрылыс компанияларына да көмек болды.

Оның айтуынша, бұрын «Бақытты отбасы» деп аталатын 2 пайыздық ипотека қазір «Концепция» деп аталады. Облыс орталығындағы Чапаев көшесінен 180 пәтерге өтінім осы бағдарламамен ұсынылды. Бұлардың алғашқы жарналарын әкімдік береді.

Қазір әлеуметтік осал санаттар үшін пайыздық мөлшерлеме – 7%, жалпы, азаматтар үшін 9% болатын «Наурыз» бағдарламасы бар. Одан бөлек, «Отау» бағдарламасы да жасалып жатыр.

Жалпы, әлеуметтік осал топ көпбалалы отбасы, мүгедек баласы бар, бірінші топ мүгедектігі бар адамның отбасы, жетім балаларға 10 пайыз көлеміндегі бастапқы жарнаны әкімдік төлейді. Сонымен қатар, осы санаттағы адамдардың үй жалдау ақысын «Отбасы банкі» өтеп беретінін де білген дұрыс. Ол үшін жалға алатын үй иесімен ресми келісім болуы керек.

– Бұл заң пәтерге қолжетімділікті арттырады. Себебі, мұнда мәртебесіне қарамастан кез келген адам баспаналы бола алады. Мәселен, жалғызбасты аналар, үшінші топ мүгедектеріне жекелеген санат болмайтын. Баспананы 10-15 жыл күтеді. Кейбірі кезекке тұрсақ аламыз деп, ауылдан көшіп келеді. Кезекке тұрсаң – күтесің. Мен өз баламды да кезекке қоямын деп отырмын, – дейді Ләззат Қожахметова.

Бүгінде Қарағанды қаласында – 19 мың, облыс бойынша 36 мың, республика көлемінде 654 мыңнан астам адам кезекте тұр. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мәлімдегендей, баспана кезекке тұру күніне және өтінім берушінің табыс деңгейіне қарай ұсынылады. Баспана бірінші кезекте кезекке ертерек тұрып үлгерген азаматтар арасында бөлінеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Кәсіпкердің» көкжиегі кең

Сурет ашық дерекқордан

(Соңы. Басы 1-бетте).

2024 жылы өңдеу өнеркәсібі, көлік, туризм секілді түрлі салада 42 жоба қаржыландырылса, биылдың алғашқы төрт айында тағы жеті жоба жеңілдетілген несие түрінде қолдау тапты. Бағдарлама «Даму» қорымен бірлесіп жүзеге асырылады.

Қарағандылық кәсіпкерлердің биыл қолдауға ие болған жеті жобасының ішінде өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма, денсаулық сақтау, қонақүй және тамақтану қызметтері бар. Бұл – жай сандар ғана емес, ел ішіндегі сұранысқа сай құрылған нақты істер. Жалпы, бөлінген қаржы көлемі – 249 миллион теңге.

Облыстың кәсіпкерлік басқармасы берген мәліметке сүйенсек, экономиканың нақты секторында екі жоба, денсаулық сақтау саласында үш жоба, ал туризм мен қызмет көрсету бағытында екі жоба қаржыландырылған. Демек, бағдарлама – тек өндіріс қана емес, әлеуметтік маңызы бар салаларға да дем беріп отыр.

Облыстағы экономикалық құрылымның жартысына жуығын бүгінде шағын және орта бизнес құрап отыр. Статистикаға сенсек, аймақта 100 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бұл – 244 мыңнан астам адамды еңбекпен қамтып отырған орасан жүйе. Қарапайым дүңгіршектен бастап, наубайхана, медициналық орталық, шағын цех, көлік логистикасы – бәрі де осы сектордың құрамдас бөлігі.

Облыс әкімдігі мен кәсіпкерлік басқармасы бұл бағытты стратегиялық арна деп танып, Бірыңғай кешенді бағдарламалар аясында да жүйелі қолдау көрсетіп отыр. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кепілге қоятын мүліктің жетіспеушілігіне байланысты мемлекет тарапынан кепілдік беру – осы құралдардың ең тиімділері ретінде кәсіпкерлердің жиі қолдануына ие.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында 75 жаңа бизнес нысаны ашылып, облыс экономикасына серпін берді. Бұл – тек салық түсімі немесе жұмыс орны ғана емес, тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыруға арналған нақты қызмет. Осы аралықта өңірге 60,7 млрд теңге инвестиция тартылған, бұл – негізгі капиталға салынған инвестицияның 37 пайызын құрап отыр.

Бұл деректердің әрқайсысы – өңірдегі экономикалық ахуалдың жақсарғанын көрсететін көрсеткіш емес, шынайы өмірден алынған белсенді істердің нәтижесі. Әсіресе ауыл-аймақтардағы жастар үшін кәсіпкерлік – жаңа мүмкіндік, өз ауылын өркендетудің жолы ретінде көрініс табуда.

Кәсіпкер болу – жай ғана іс бастаумен шектелмейді. Ол – жауапкершілік, табандылық, жаңашылдық. Бүгінгінің кәсіпкері тек пайда көруді емес, қоғамға пайдалы болуды, туған жерінің көркеюіне үлес қосуды көздейтін жаңа толқын.

Ал, сол толқынның алға басуы үшін мемлекет тарапынан берілетін осындай нақты қолдаулар ауадай қажет. «Кәсіпкер» бағдарламасы – соның айқын дәлелі.

Ендігі міндет – осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану, қолындағы қаражатын желге ұшыру емес, жұртқа пайдалы дүние өндіретін, қызмет көрсететін нағыз кәсіпке айналдыру. Ал мұндай кәсіп иесі – өңірдің тірегі, елдің берекесі. Қарағандыда кәсіпкерлікке қолдау бар.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Теміртау тағы түлейді

Облыстағы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Теміртау қаласында өткізген баспасөз турында осында жүзеге асырылып жатқан жобалар мен жолдардың жөнделу жағдайымен танысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ең бірінші кезекте олар бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін терезелерге арнайы қорғаныш торларын жасап жатқан жеке кәсіпкер Ақылжан Елеуғазиннің жұмыс орнына барды. Қаланың тұрғын аймағынан бір гаражды жалдап отырған ол 2024 жылы қалалық Мансап орталығынан 1 миллион 476 мың теңгенің грантын ұтып, соған қажет кесу, дәнекерлеу, ию жабдықтарын сатып алған көрінеді. Содан бергі мезгілде Ақылжан осы қала мен облыстың басқа да аймақтарынан келіп түсетін тапсырыстар бойынша көпқабатты үйлердің терезелеріне темір, алюминий, тағы да басқа материалдардан қорғаныш торларын даярлап, оларды орнатып берумен айналысуда. Бұған дейін Астана қаласындағы «Бала қорғау» компаниясында жұмыс істеген оның бұл істе тәжірибесі мол.

Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған әкенің идеясымен қолға алынған бұл шаруа бүгінде аса маңызды. Өйткені елімізде ата-аналардың қарауынсыз қалып, биік үйдің терезесінен құлап кеткен бүлдіршіндер саны жыл сайын көбеймесе, азаймай тұр. Аяқты балаға пластик терезелердің тұтқалары мен оған қойылған москит торлар сенімді қорған бола алмай, соңы өкінішті жағдайға соқтыруда. Егер қайғылы статистикаға жүгінсек, өткен 2024 жылы республикамызда 223 баланың терезеден құлап кету оқиғасы тіркелген. Соның біразында баланы періштесі қағып, аман қалса, кейбірінде жарақаттануы мен өліп кетуі өкінішті-ақ.

Теміртау қалалық Мансап орталығының директоры Мақсат Төлеубаевтың айтуынша, 2024 жылы жұмыссыздар мен әлеуметтік осал топтағы жандарға Еңбек тұғырнамасы арқылы осындай және басқа да жобалары үшін 400 АЕК мөлшеріндегі 10, ал, биыл 15 грант беріліпті.

Баспасөз турына қатысушылар келесі кезекте Теміртау қаласындағы Металлургтер даңғылындағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Мұнда су, жылу құбырлары ауыстырылып, аяқжолдар, веложолдар, көлік жолы жөнделіп, жарықтандырылып, демалыс орындары мен балалардың ойын алаңдары салынуда екен. Бұл жұмыстар қазірде Бейбітшілік көшесінен Республика даңғылына дейінгі аралықта жүргізілуде.

Ал, Республика даңғылының өзіндегі 93 мың шаршы метр жол аумағының күрделі жөндеуін былтырдан бері «Райс. kz» ЖШС атқарып жатса, осы серіктестіктің учаске бастығы Сергей Акопян бұл жұмыстарды осы мамыр айының аяғына дейін аяқтауды жоспарлап отырғанын айтады. Сол мақсатқа жету үшін қазір нысан басында бір-бірден асфальттөсегіш және сутасығыш машиналар, 8 жүк көлігі мен 3 жолтегістегіш, 15 адам жұмылдырылған.

Қалада жүзеге асырылып жатқан жобалардың бірі – «Халық қатысатын бюджет» жобасы. Сол бойынша қалалық әкімдік тұрғындардың өтінішіне құлақ асып, өткен жылдан бастап, 70-орамдағы 12 «а» үйдің маңын абаттандырып, балалардың ойын және демалыс алаңдарын салып, айнала жолдарына жиектастар төсеп берген.

Қаладағы көңіл сүйсініп, көз қуантарлық бұл жұмыстар биыл да жақсы жалғасуда.

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген **автор**

Көшет көшені көгертеді

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ел тағдырында аса маңызды бір бастаманы көтерді. «Бес жыл ішінде орман алқаптарында 2 миллиард, ал, елдімекендерде 15 миллион ағаш отырғызылатын болады. Бұл еліміздегі көгалдандыру ауқымын едәуір кеңейтіп, табиғатқа жан бітіреді», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет ашық дерекқордан

Бұл сөздер – нақты әрекетке үндейтін пәрмен. Президенттің осы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында 2021-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды. Мақсат – жай ғана ағаш отырғызу емес, еліміздің экологиялық ахуалын жақсартуға, жасыл желекке оранған Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған ұлттық маңызы бар бастама. Әр отырғызылған ағаш – келешек ұрпаққа жасалған инвестиция, табиғатқа тағзым, туған жерге жанашырлықтың көркем көрінісі. Былтыр облыс аумағында табиғатты түлету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Нақтыласақ, 612 гектар жерге 1,5 миллионнан астам ағаш көшеті отырғызылды. Жасыл белдеулерді кеңейту ісі алдағы жылдары да жалғасын таппақ. 2025-2027 жылдар аралығында орман қоры аумағында тағы да 1 700 гектар алқапқа 6,7 миллион көшет отырғызу көзделіп отыр. Биылдың өзінде 440 гектар жерге 1,9 миллион көшет отырғызу жоспарланған. Бүгінге дейін соның 278 гектарына 800 мыңға жуық жапырақты және қылқан жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды. Қалған жұмыстар осы жылдың күз айларында жалғасын табады.

Бұл жайлы бізге облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Әсет Тазабеков айтып берді. Оның айтуынша, аталған шаралар тек орман қорын байытып қана қоймай, өңір тұрғындарының өмір сапасын арттырып, болашақ ұрпаққа таза ауа мен табиғи байлықты сақтап беруге негіз болмақ.

– Ағаш отырғызу жұмыстарының табысты жүруі тұқым сапасына тікелей байланысты. Бағдарлы бағытта өңірде жүйелі жұмыстар қолға алынған. Қазірде жалпы ауданы 41 гектарды құрайтын бір тұрақты орман тұқымбағы жұмыс істеп тұр, оның 26 гектары – суармалы жерлер. Айта кетерлігі, суару процесі заман талабына сай итальяндық жаңбырлатқыш технология арқылы жүргізіледі. Негізінде бұл көшеттердің біркелкі әрі сапалы өсуіне мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Тұқымбақтың жобалық қуаттылығы – жылына 1,3 миллион дана стандартты көшет. Мұндай әлеует орман қорын толықтыруда үлкен рөл атқарады. Өткен жылы тұқымбақтың аумағы 80 гектарға дейін ұлғайтылып, оның қуаты едәуір артты. Осындай жаңашылдықтың арқасында «Қарағанды, Қу, Ақтоғай» орман шаруашылықтарын қажетті отырғызу материалымен толық қамтамасыз ету мүмкіндігі туды, – деді спикер.

Орманды қорғау – оны өсірумен тең маңызды міндет. Осы мақсатта бүгінде өңірде жабық тамыр жүйесінде тұқым өсіру арқылы өсімталдық пайызын арттыруға бағытталған орман тұқымы стансасын салу мәселесі қарастырылуда. Тың тәсіл көшеттердің тіршілікке бейімділігін арттырып, отырғызылған ағаштардың өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар, мемлекеттік орман қорындағы өрт қауіпсіздігі әрдайым басты назарда. Себебі, бір ғана өрт сан жылдар бойы өсірілген табиғи байлықты бір сәтте жойып жібереді. Осы ретте облыс басшылығының қолдауының арқасында өткен жылы орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және өртке қарсы іс-шараларды жүргізуге облыстық бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Бүгінде бұл қолдаудың нәтижесі нақты іспен көрініс тауып отыр. Облыстағы орман мекемелері арнайы техникамен және қажетті құрал-жабдықтармен 100% қамтамасыз етілген.

Иә, орман – ұлт байлығы. Оны қорғау – ортақ парыз. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, соңғы жылдары өңірде орман қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, 2023-2024 жылдар аралығында орман қоры аумағында 6 орман өрт сөндіру стансасы салынды. Салынған нысандар – тілсіз жауға қарсы тұруға арналған маңызды инфрақұрылым. Сонымен қатар, өрттің алдын алуға және ерте анықтауға мүмкіндік беретін 4 бейнебақылау камерасы орман алқаптарына орнатылды. Бұған қоса, бір өрт бақылау мұнарасы күрделі жөндеуден өткізіліп, толық жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды. Ағымдағы жылы республикалық маңызы бар ұлттық табиғи парктерде тағы да 6 өрт сөндіру стансасын салу жоспарланып отыр. Баянды бастама еліміздің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында қауіпсіздікті арттыруға бағытталды. Ерекше атап өтерлік жайт, биыл «Қарқаралы авиациялық бөлімшесі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп, орман алқаптарын авиациялық қорғау ісі алғаш рет сәтті жолға қойылды. Қорғау әдісі өрттің таралуын әуеден бақылау және жедел әрекет ету мүмкіндігін арттырмақ. Өткен жылы қабылданған кешенді алдын алу шараларының нәтижесінде орман өрттерінің саны едәуір азайғаны байқалады. Жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі деген осындай болар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған көгалдандыру бағдарламасының аясында миллиондаған көшеттің отырғызылып жатқаны, еліміздің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету деген сөз. Орман қорын ұлғайту, «жабық» тамыр жүйесі, жаңбырлатқыш технология, өртке қарсы инфрақұрылымды жетілдіру сайып келгенде, табиғи байлығымызды сақтап, болашақ ұрпаққа қолайлы да абат орта қалдыруға бағытталған маңызды шаралар. Ең бастысы, баянды бастамалар табиғатқа деген жанашырлықты, елге деген қамқорлықты көрсетеді. Әр көшет – келешекке зор сенім, әр істелген іс – саналы қоғамның белгісі. Мұндай игі істердің жалғасын тауып, қоғамның әрбір мүшесін қамтуы экологиялық мәдениетімізді арттырып, табиғатпен үндестікке бастар жол болмақ, – деп санайды эколог Айбар Серікұлы.

Қара топырақты жарып, күн көзіне шыққан әрбір жас көшет – ел ертеңіне деген селкеусіз сенімнің, табиғатқа деген жанашырлықтың айрықша белгісі. Яғни, бір күннің емес, бір халықтың берекелі жұмысы. Табиғатқа жасалған әрбір игі іс – болашаққа салынған мызғымас көпір. Орман екпей, өркениет орнамайды. Жасыл желекке оранған дала тек экологиялық қана емес, рухани тынысымыз, ұрпағымызға қалатын ең қастерлі мұра. Осы жолда қолға алынған әрбір жоспар, егілген әрбір ағаш, орнатылған әрбір камера, салынған әрбір станса – ұлттың болашағына бағытталған саналы қадам. Қайрат пен жауапкершілік тоғысқанда ғана табиғатпен үндес, өркениетті ел қалыптасады. Ал, біз – сондай ел болуға бет алған халықпыз.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жүйе әділдікті көздейді

Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар өзгеріс бар. Бұл өзгерістер – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы бюджеттің мүмкіндіктері мен міндеттемелері тұрғысынан теңгерілген бірыңғай мемлекеттік медициналық көмек пакетін қалыптастыру жөніндегі тапсырмасын орындаудың көрінісі. Мемлекет кепілдік берген пакет бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын болады. «Одан тыс қызметтер сақтандыру жүйесі арқылы төленуі тиіс», – деп атап өткен болатын Президент. Сонымен жүйеде не өзгереді?

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ортақ пакет пайда болады

Жаңа заң жобасында ұсынылып отырған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті сақтандыру пакетінен бөлек бірыңғай медициналық көмек пакеті кең таралған аурулар бойынша базалық медициналық көмекті кепілдендірілген түрде қамтамасыз етуге, сондай-ақ, аталған екі пакет арасындағы қайталануды болдырмауға бағытталған.

Бір пакеттік қаржыландыру медициналық қызметтердің тізбесін нақты әрі ашық етуге, пациенттер мен дәрігерлер үшін түсінікті болуына, сондай-ақ, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бірыңғай медициналық көмек пакетін енгізу үшін Денсаулық сақтау министрлігі мен тәуелсіз сарапшылар барлық қызмет түрлерін, соның ішінде, олардың құнын жан-жақты талдады. Негізгі мақсат – азаматтарды МӘМС жүйесімен барынша қамту және әрбір азамат үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Сақтандырылу мәртебесіне қарамастан медициналық-санитариялық алғашқы көмекке жүгінген әр қазақстандық тиісті медициналық көмек алуға құқылы. Одан бөлек, вакцинациялау және ерте диагностикалау мақсатында онкоскрининг, әлеуметтік мәні бар ауруларға күмән болған жағдайда диагностика, емдеу және дәрілік көмек, инфекциялық аурулар кезінде медициналық көмек, сонымен бірге, жедел медициналық көмек, паллиативтік көмек, мейіргерлік күтім және басқа да қызметтер алады.

Цифрлық жүйе енгізіледі

1 шілдеден еліміздің барлық медицина ұйымдарында медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесі енгізіледі. Жаңа цифрлық құрал тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен қаржыландырылуын бақылауға мүмкіндік береді.

Аталған жүйе пилоттық жоба ретінде Ақмола облысында биыл наурызда енгізілген болатын. Пилоттық режимнің өзінде-ақ жүйе 11 мыңнан астам медициналық көмектің бекітілген стандарттарға сәйкес келмейтін дерегін, соның ішінде, жалған жазбалар анықталды. Енді көрсетілген медициналық көмектің негізділігін үздіксіз бақылау және дербес есепке алу негізінде медициналық қызметтердің ашықтығы қамтамасыз етіледі, медициналық көмекті көрсету кезіндегі қателіктер мен заңбұзушылықтар, соның ішінде, «жалған көрсетілімдер» автоматты түрде анықталатын болады. Медициналық қызметтер үшін тек нақты көрсетілген көмекке ғана төлем жүргізілетініне кепілдік беріледі.



Аталған жүйелер қаржыны тиімді пайдалану, жалған мәліметтерді болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған. Медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың автоматтандырылған жүйесі медицина ұйымдарын пациенттердің нақты қажеттіліктеріне бейімделуге ынталандырады. Жаңашылдық медициналық қызметтерді қаржыландырудағы әділеттілік пен тиімділікті қамтамасыз етпек. Бүгінгі таңда облыста 15 жекеменшік және 22 мемлекеттік барлығы 37 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйым бар.

Жарна мөлшері өзгереді

Бірыңғай медициналық көмек пакетінің енгізілуі себепті МӘМС жүйесіне қосымша міндеттемелер жүктеліп отырған қазіргі жағдайда жүйе өсіп келе жатқан шығындарға төтеп бере алмайтыны анық. Сондықтан, денсаулық сақтау жүйесінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекет төлейтін жарна мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру ұсынылады. Демек, 2027 жылдан бастап, есептеу базасының 2,5%-ы көлемінде, ал, 2037 жылға қарай 5%-ға дейін көтеру көзделді. Заңнамадағы өзгерістерге сәйкес, медициналық сақтандыру қорына жасалатын жарна төлемінің шегі 5 есеге дейін өсетіні белгілі болды. Бұл – қарапайым халыққа емес, жалақысы көп қазақстандықтарға қатысты өзгеріс. 4 млн 250 мың теңгеден жоғары табысы бар 2-3 мың қызметкер үшін ғана өседі. Бұл – елдегі барлық жалдамалы жұмыскерлердің тек 0,04%-ы.

Үкімет бастапқыда жұмыс берушілердің және жұмыскерлердің МӘМС-ке аударымдары мен жарналарын есептеу үшін ең төменгі жалақының 50 еселенген шегін белгілеуді ұсынған болатын. Депутаттар корпусының ұсынымдары ескеріліп, жұмыс берушілер үшін шекті мөлшер 40 ЕТЖ, ал, жұмыскерлер үшін 20 ЕТЖ көлемінде белгіленді. Бұл жүйенің тұрақтылығын сақтап, жұмыс беруші мен жұмыскерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін ымыралы шешім.

Аталған өзгерістер баршаға емес, тек 9% жалдамалы жұмыскерлерге яғни, ай сайын 850 мың теңгеден жоғары жалақы алатын, шамамен 508 мың адамға және олардың жұмыс берушілеріне қатысты.

Бүгінгі таңда еліміздегі МӘМС моделінде регрессивті қаржыландыру қолданылады. Яғни, табысы аз адамдар табысына шаққанда көбірек жарна төлеп отыр. Ал, табысы жоғары азаматтар табысына шаққанда азырақ төлейді. Мысалы, ай сайын 1 млн теңге жалақы алатын азамат үшін қазірде нақты жарна мөлшерлемесі – 2% орнына небәрі 1,7%-ды құрайды. Өйткені табысты есептеу шегі 10 АЕК-пен шектелген. 400 мың теңге алатын азамат 2% толық төлеуге міндетті. Жалақысы одан да жоғары адамдар үшін нақты мөлшерлеме тіпті 0,4%-дан аспайды.

Өзгерістерге сәйкес, табысы төмен адамдар табысы жоғары адамдарға қарағанда көбірек жарна төлемеуі керек. Жүйені қаржыландыру әділ болуы тиіс: жарналар азаматтардың табыс деңгейіне сай болуы қажет. Қазіргі жағдайда әлеуметтік теңдік пен әділеттілік қағидасы толық сақталмай отыр. Сондықтан, ұсынылып отырған тәсіл жауапкершілікті әділетті бөлуді көздейді.

Биылғы төлем қанша?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарналарды есептеуге ең төменгі жалақы деңгейі негіз. Биыл ең төменгі жалақының мөлшері өзгеріссіз, 85 000 теңге көлемінде қалды. Сәйкесінше, жарналар мөлшері де өзгерген жоқ.

Жұмыс берушілер мен жұмысшылар үшін ставкалар да өзгеріссіз – 3% және 2% мөлшерін құрайды. Тек біржолғы төлем мөлшері 21,5%-дан 23,8%-ға дейін артты. Сондай-ақ жеңілдетілген санаттағы азаматтар үшін мемлекет тарапынан жарналар мөлшері өзгеріске ұшырады. Ол орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейінгі көлемді құрайды. Бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы және биылғы қаржы жылының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұдан басқа, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жарналары – табыстың 2%-ы, жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын тұлғалар – 5 950 теңге, дербес төлеушілер 4 250 теңге жарна төлейді. Мемлекет тарапынан МӘМС-ке төленетін жарналар – 7 285,9 теңге.

МӘМС жарналарын «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейлі банктердің кассалары мен мобильді қосымшалары, сондай-ақ, терминалдар арқылы төлеуге болады.

Осы орайда МӘМС жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін уақытша қиындықтарға тап болған, табыссыз қалған азаматтар үшін жеңілдікті кезең ұзартылғанын да атап өту керек. Енді жарналарды үздіксіз бес жыл бойы өз бетінше төлеген азаматтар жарна төлемеген жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады. Бұрын бұл мерзім үш ай ғана болатын. Бұл әділетті әрі маңызды шешім, ол жүйеге тұрақты қатысып жүрген азаматтарды қолдауға бағытталған.

Медициналық сақтандыру қорының облыстағы филиалы ұсынған дерекке сүйенсек, аймақта 957 395 сақтандырылған тұрғын бар. Сақтандырылмаған 176 129 адам тіркелген. Жыл басынан бері облыс тұрғындары 25,1 млрд теңге көлемінде жарна аударған. Республика бойынша 322,9 млрд теңге түсті.

Заң денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға және азаматтардың МӘМС жүйесіне толыққанды қатысуына ынталандыру тетіктерін жасауға бағытталған. Сонымен қатар, ол жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Азаматтардың әлеуметтік осал топтарының МӘМС жүйесіне қатысуы жергілікті бюджеттердің есебінен қамтамасыз етіледі.

Инфографика Денсаулық сақтау министрлігінен

• ДЕНСАУЛЫҚ

Бала саулығы – басты назарда

Денсаулық сақтау министрлігі мектеп медицинасын жаңғырту, мектептегі тамақтану сапасын арттыру және балалар лагерьлеріндегі санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын белсенді түрде қолға алуда.

Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында мектеп медицинасында мейіргерлердің рөлі күшейтілуде. Бұл ретте мейіргерлердің жүктемесін азайту жоспарланған. Қазіргідей 700 емес, бір мейіргерге 500 оқушыдан келетіндей бөлінуде. Оқушы саны мыңнан асатын ірі мектептерде стоматологиялық аурулардың профилактикасына арналған арнайы кабинеттер ашылады. Бұл үшін министрлік 2024-2028 жылдарға арналған «Болашаққа – сау тіспен» мектеп жасындағы балалардың стоматологиялық ауруларының профилактикасын жетілдіру жөніндегі жол картасын бекітті. Білім беру ұйымдарында стоматологиялық аурулардың профилактикасы кабинеттерін ашу және одан әрі жұмыс істеу бойынша Оқу-ағарту министрлігімен бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді. Биыл осы жоспар аясында 195 стоматологиялық аурулардың профилактикасы кабинетін ашу жоспарлануда. Ондай кабинет облыста да ашылады. Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігі мектептегі тамақтану стандартын қайта қарады. Жаңа стандарт жаңа оқу жылынан бастап енгізіледі.

Бұл стандарт елдегі барлық білім беру және мектепке дейінгі ұйымдарға қолданылады. Асханасы жоқ шағын жинақты мектептер үшін арнайы шешім қабылданады. Жаңа ережеге сәйкес, қант мөлшері 3,6 есе, ал тұз 5 есеге дейін қысқартылады. Мектептегі тамақтануға қанағаттанушылық деңгейін бағалау үшін желінбей қалатын тағам индексі енгізіледі.

Осының нәтижесінде инфекциялық емес аурулардың, атап айтқанда, балалар семіздігі 15%-ға, қант диабеті 20%-ға, артериялық гипертензия 18%-ға дейін, басқа созылмалы аурулар 15%-ға дейін төмендеуі күтіледі.

Мектептегі тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі білім беру нысандарындағы мемлекеттік бақылауды күшейтіп жатқанын айта кеткен жөн.

Жазғы демалыс кезінде балалар лагерьлерінің санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

«Әрбір лагерь, оның ішінде, шатырлы лагерьлер де маусым басталғанға дейін санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндетті. 2024 жылы лагерьлердің 19%-ы (37 лагерь) дайындықты уақытында аяқтай алмады және балаларды қабылдауды бастай алмады. Жазғы кезеңде балалардың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әр маусымдық лагерьге санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары бекітілді, лагерь басшылығымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде», – деді Ақмарал Әлназарова.

Денсаулық сақтау министрлігі ата-аналарды ресми тіркелген лагерьлерді таңдауға кеңес береді. Олардың тізімі https://www.gov.kz/memleket/entities/ksek?lang=ru сайтында көрсетілген.

Өз тілшімізден

• САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Денсаулық пойызы жолға шықты

Астанадағы «Нұрлы жол» теміржол вокзалынан «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы жолға шықты. Алдағы жарты жылда 20 мың шақырымнан астам жол жүріп, еліміздің түпкір-түпкіріндегі 123 шалғай ауыл мен стансаға тоқтап, медициналық көмек көрсетеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

90 мыңнан астам қазақстандық медициналық пойыздың қызметін пайдалана алады. Жылжымалы медициналық бригаданың құрамында 36 білікті дәрігер – терапевттер, хирургтер, педиатрлар, невропатолог, рентгенологтар, кардиолог, стоматолог, офтальмологтар, оториноларинголог, онколог-маммологтар, гинекологтар және урологтар. Сондай-ақ, медиаторлар мен заңгерлер бар.

Дәрігерлер алғашқы тексеру жүргізіп, қажет болған жағдайда шағын хирургиялық операциялар жасайды. Бұған қоса, диагностика жүргізу үшін қажетті зертханалық және құрал-жабдықтармен ЭКГ, УДЗ, флюорограф, гастрофиброскоппен жабдықталған.

Жоба іске асқалы бері 15 жылдың ішінде 800 мыңнан астам адам дәрігерлердің көмегін алды. Олардың әрбір бесіншісі – бала. Хирургтер шамамен 37 мың операция жасады. Өткен жылы пойыздың дәрігерлері 104 250 пациентті қабылдаған.

Жоба Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының әріптестігімен жүзеге асырылуда.

«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»
МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІ
SAMRUK KAZYNA TRUST
2025 ЖЫЛ

10.10 - 19.10.2025 Қарағанды және Ұлытау облыстары

Бекет атауы	Келуі		Кетуі	
	Күні	Уақыты	Күні	Уақыты
Ақадыр	10.10	08:05	11.10	21:40
Айса	11.10	22:07	13.10	01:00
Жарық	13.10	07:08	13.10	20:30
17-разъезд	13.10	20:51	16.10	03:55
Атасу	16.10	05:52	16.10	22:25
Қарсақпай	17.10	04:30	17.10	23:55
Қоскөл	18.10	03:15	19.10	22:00

www.medpoezd.kz сайтында жарияланған дерек бойынша пойыздың қозғалыс кестесі еліміздің батыс аймақтарынан басталып, сапар соңы желтоқсанда Алматы және Жетісу облыстарында аяқталады деп жоспарланған. Қозғалыс кестесіндегі мәліметтерге сәйкес облысқа пойыз қазанда келеді. Ол Ақадыр, Айса, Жарық, 17-разъезд, Атасу, Қарсақпай, Қоскөлде болады.

Алғы шептің ардакүреңі

«Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» дейді халқымыз. Қара Нұраның бойындағы қалың елдің ауыз толтырып айтар сондай ерінің бірегейі Нақан (Нағидолла) Әлібеков екен. Әр ұрпақтың маңдайына жазылған тағдыр-талайы бар. Соның ішінде, өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жарық дүние есігін ашқан қазақ балалары бастан кешкен бейнет пен азаптың өлшемі жоқ. Олар қалыпты өмірдің тас-талқанын шығарған төңкерісті де, халықтың күнкөрістік малын тартып алған тәркілеу науқанын да, адамдардың сүйегі ақсөңке болып шашылған аштық нәубетін де, дербес ой-пікірі болғаны үшін құрбандыққа шалынған саяси қуғын-сүргінді де бастан кешті. Жұрттың жағдайы енді түзеле бастағанда елдің батыс шетінде Екінші дүниежүзілік соғыстың фашистік Германия мен коммунистік Кеңестер Одағы арасындағы ең ауыр қанды қырғыны басталды. Осы соғысқа бұрын немістің бет-жүзін көрмеген, қолына мылтық ұстамаған талай қазақ жігіттері мен қыздары тіленіп аттанды. Көпшілігі би-болыстың, байдың ұрпағы, «халық жауының» тұқымы деген жаланы қанымен жуып, кеңес билігі таңған атақтан құтылу үшін. Сөз басында есімі аталған Нағидолла сондай азаматтар сапынан.

Өзі тіленіп Нұра әскери комиссариатынан майданға аттанғанда ол 17 жаста екен. Н.Әлібековтің қанды қырғындағы жолы Ленинград майданының Псков, Кенигсберг қалалары мен Балтық бойында өткен шайқастармен өрілді. Прибалтика-Түркімен әскери округі құрамында Қытай Халық Республикасы. Сұрапыл соғыста от пен оқтың ортасында, жан беріп, жан алысқан ұрыстарда бірнеше рет жарақат алады. Бірақ, намысты азамат аяғына мінген сәтте майдан шебіне оралып отырыпты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дейді халық. Бәстем әке мен Гүлбаһрам ананың 12 құрсағынан қалған жалғыз тұяқ, тұтас бір әулет амандығын тілеген ол соғысты жеңіспен аяқтағандар сапында болыпты.

Байдың ұрпағы деген «мәртебеден» біржола құтылу үшін Нағидолла қарулы күштер қатарында 25 жыл қызмет атқаруға келісімшарт жасасады. Сөйтіп, Еуропадағы соғыс аяқталған соң Түркістан әскери округы құрамында Қытай Халық Республикасы жерінде әскери міндетін жалғастырады. Тек соңынан қартайған ата-анасының жалғыз асыраушысы, қарулы күштер қатарынан босатуды сұраған өтініш барғаннан кейін отставкаға шығарылып, елге қайтарылыпты. Жалындаған жастық шағының тұтас бір мүшелін әскери қызметке берген жігіт ауылға оралған соң үзіліп қалған оқуын жалғастыра жүріп еңбекке араласады.

Әскери қызметте ысылған, «тәртіпке бағынған құл болмайды» деген қанатты сөзді ұстанған, бойында ұйымдастырушылық қабілеті мол азаматты жергілікті билік бірден танып, қызметке шақырады. Аупарткомда нұсқаушы болып іскерлігімен, талапшылдығымен көзге түскен оны 1960-1964 жылдары Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Оны тәмамдап келген соң Н.Әлібековке түрлі қызметтер ұсынылады. Қарағандыға, облыстық партия комитетіне де шақырған екен. Бірақ, өзін осыншама сағынып күткен екі әкесін – Бәстем мен Рүстемді, екі анасы Гүлбаһрам мен Зибаны тағы қалдырып кете алмайды.

– Төртеуін бірдей сүйретіп жүру оңай емес. Олардың тәрбиесіндегі біз де бармыз. Арамыз ашылмаған, бір-біріміздің айырылатындай емес едік. Бізді қойшы, жаспыз ғой, өз жөнімізге кете береміз. Ең негізгісі, өмірінде бөлініп көрмеген, еншілері бөлінбеген, бір үзім нанды бөліп жеп, үнемі бірге отырған ағайынды екі шалды, бір-бірінен бөліп әкету ағатайыма оңай тимес еді. Соның бәрін тереңнен ойлап, жүрегімен сезінді. Әулетті біртұтастықта ұстады, қиын жылдары бытырап кете жаздаған ошақты берік етіп орнықтырды. Артында келе жатқан біз – Төкен, Тазагүл, Тиыштық, Тәжібай, Ләззат бір-біріміздің алыстамай, үлкен үйімізде жүрдік. Тек кейін ғана «Ұл – ұяға, қыз – қияға» демекші, оқу бітіріп, үйленіп, тұрмысқа шығып, жан-жаққа кете бастадық, – дейді қарындасы, профессор, Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Тазагүл Әбдікәрімова.

Көп ұзамай аудандық партия комитеті Н.Әлібековті «Нұра» совхозына директор етіп жібереді. Бұл сол кезде негізінен егіншілікпен айналысатын аудан орталығынан біршама шалғай, жері шөлейтті болғандықтан мал өсіруге басымдық берілген шаруашылық болыпты. Совхозға қарасты елдімекендер де әлеуметтік жағынан өңірдің өзге ауылдарынан артта қалған екен. Директор осы мәселелерді шешуге білек сыбана кіріседі. Кейіпкеріміз туралы шығарма жазған әріптесіміз, еліміздің Құрметті журналисі Бикен Ахметова кейіпкеріміз туралы былай дейді: – Нағидолла ағамыз аудандағы білім бөлімінің бастығы Көбек Ынтықаевқа телефон шалып: «Мектеп жабылса қойшылар тарап кетеді, кім бірінші сыныптағы баланы интернатқа береді?» – деп, мектепті жаптырмай алып қалды. Сөйтіп, мен сол бастауыш мектепте еңбек жолымды бастап, сегіз баланы оқытып шықтым. Нақан ағай қойшыларды аралаған сайын мектепке бас сұғып, хал-жағдайымызды сұрап, отын-суымыздың жеткізілуін қадағалап кететін.

Мал шаруашылығымен айналысатын совхоздың жұмысы жылдың төрт маусымында да толас таппайды. Малды жазғы жайылымға шығару, қысқы жемшөбін әзірлеу, қыстақтарды жөндеу сияқты тынымсыз науқандармен қатар, елдімекендерді заманауи қалыпқа келтіру, жаңа құрылыстар – үйлер, мектеп, клуб пен амбулатория ғимараттарын салу, ағаш, бұта отырғызып, ауылдарды көгалдандыру, балалардың оқуын ұйымдастыру, т.б. шараларды атқару үшін істің тетігін білу аз, аудан мен облыстағы басшылардың сенімінен шығып, қажетті құрал-жабдықтар алуға мекеме, кәсіпорын жетекшілерімен тіл табыса білу керек. Осы қасиеттердің бәрі Нағидолла Әлібековтің бойынан табылыпты.

Кейіпкеріміздің тағы бір қарындасы, ұзақ жыл ұстаз болған Тиыштық Рүстемқызы әулеттің жарастығын былай еске алады: – Бәстем әкемді, атамды да ел бидің ұрпағы деп қатты сыйлайтын. Үйге әдейілеп келіп, сәлем беретін. Билік айтқызатын. Әкемнің ең жақсы қасиеті: егер ел ішіндегі кісілер бір-бірімен ренжісіп қалса, оларды үйге арнайы шақырып, қонақ қылып, тура сөз айтып, олардың көңілінен шығып, татуластырып жіберетін. Қазір байқап отырсам, сотқа дейін татуластыру, істі сотқа жібермей шешу деген істер қолға алынған екен. Осы жағдайды біздің бабаларымыз, әкелеріміз ертеректе қолданған. Болған істі уақытысында оңтайлы шешу оңай емес. Оған ақыл керек, жүрек керек. Әкелеріне арнап, үлкен үйде отыр деп, туыстары сыбаға әкелетін. Керісінше үлкен үйден сыбаға деп отау үйлерге арнап сыбағасын жіберетін. Әкем хат танымаса да, көргенін, естігенін көңіліне тоқып отыратын. Бірде ойнап жүріп, есік алдынан бір домалақ нәрсені тауып алдық. Әкемнен: «Мынау не нәрсе?», – деп сұрап едік. Әкем: «Бұл дүниеқоңыз деген құрт, боқты қимай аунай береді, аунай береді, кейін сол аунаған затының ішінде өліп қалады», – деді. Жарып едік, кеуіп қалған құрт болып шықты. Әкем: «Е, балам, дүниеқоңыздық осындай жағдайға әкеледі», – деді. Әкемнің тағы бір қасиеті ұрпақтарын түгендеп отыратын. Анда-санда әр жерде ел қатарлы еңбек етіп, үй болып отырған туыстарын «шаңырақ құрды, түтін түтетті» деп бір мақтаныш сезіммен айтып отырғанына талай куә болдым. Атам Рүстем көп сөйлемейтін, момын, сөйлесе орынды айтып, өзіндік ойы бар, жүрегі жылы болатын. Біздің үй орталықта тұрғандықтан, туысқандарының бәрін бауырына тартты. Жақсылық ойлады. Ол кезде елдің жағдайы белгілі. Бірде бар, бірде жоқ. Атам рухани көмек беріп, ұрпақтар жалғасын бір адым алға жылжытты. Олар – Зейнікен, Нағидолла (Нақан), Қамидолла (Қазали), Төкен, Қабылда, Файзолла, кейінгі буын Тазагүл, Тәжібай, Тиыштық, Ләззат. Біз кейінгі қалған ұрпақ, ағаны да, бауырды да, әкені де, шешені де жиі сағынамыз, еске аламыз. Соның ішінде бірге тумай-ақ бауырыңа қоныстанып алған асылдар болады. Оқуға жетісінде, соғысқа он жетісінде қатысқан, одан аман-есен оралып, ел билігіне араласқан ағамыз Нағидолла сондай асыл жан еді. Әскерден келгеннен кейін аудандық партия комитетінде қызмет атқарды. Алматыдағы жоғарғы партия мектебінде білімін жетілдірді. Ол кезде мен мектеп бітіргем. Қолымнан жетектеп ҚазПИ-дің филология факультетіне түсірді. Ағаның қарындасқа деген қамқорлығын осыдан бастап көре бастадым. Бірге театрға баратын едік. Бірге қыдырып Алматыны қызықтадық.

«Нұра» совхозына директор болып орналасқан Нағидолла туыстарын көшіріп алады. Ол кезде совхоз орталығы оншақты үйі бар, көшесі жоқ ауыл екен. Нақаң шаруашылықты 20 жылдай басқарғанда, ауыл көркін жаңаша өзгертіпті. Сол заман үшін көрікті мектеп, балабақша, Мәдениет үйі салынып, су құбыры тартылады. Отырғызылған ағаштар, саябақ ауыл сәулетіне көрік қосады. Ауыл мәдениетіне, ауыл адамдарына, жастарына көңіл бөлді. Шопан балаларына қамқорлық жасап, жастайынан ел жағаламасын деп совхоз бөлімшелерінде мектеп ашып береді. Ауылды мамандармен қамтамасыз етуге көңіл бөліп, совхоз атынан стипендия бергізіп, біраз жастардың жоғары білім алуына жағдай жасайды. Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының ғалымдарымен бірлесе отырып, қой тұқымын асылдандыруға ден қойып, ұзын биязы жүнді, бірыңғай ақ түсті қазақы қойдың түрін өсіреді.

– Нақан ағатайым туған-туыстарына қамқоршы болды. Туыстарын, олардың балаларын қолына көшіріп алып, алдарына мал салды, қолдарына жұмыс берді. Үлкенге аға, кішіге іні бола білді. Қарындастарына қамқоршы болды. Өз ұрпақтарын бір қадам алға жылжытты деп айтуға жасқанбаймын. Ағамызды елдің үлкендері қадірлеп, кішілері құрметтеп, сәлем бермей, ат басын бұрмай өтпейтін. Бұл да ағамыздың парасаттылығын, азаматтығын білдіргендей. Ағамыз ақарлы-шақарлы үй болды. Қазір үлкен үйдің орнында кенже баласы Нұрсапар тұрады. Олардың өз алдында шаруа қожалығы бар. Басқа балалары да бір-бір үйдің иесі, әртүрлі қызмет атқарады. Әке-шешелеріміздің отын жағып, түтінін тұтатып отырғандықтан, өзіміз ерекше сезіммен, құрметпен, ілтипатпен көңіл бөлеміз, – дейді Тиыштық Рүстемқызы.

Туыстары, ауылдастары есімін ілтипатпен ауызға алатын майдангер аға, партия қызметкері, шаруашылық жетекшісі Нағидолла Әлібековтің өнегелі жолы осындай. Күні бүгінге дейін өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді.

Салтанат АҚҚОШҚАРҚЫЗЫ

Нұра ауданы

● ДІН-ДІҢГЕК

Қаралы үйде қазан қайнамайды

Қазақ халқы үшін әрбір салт-дәстүрде терең тағылым бар. Жаназа мен құдайы аста да сондай мән бар. Алайда, соңғы жылдары ас беру – естелік пен ескертудің орнына, бәсеке мен ысыраптың алаңына айналып бара жатқаны ащы ақиқат. Жуырда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Хазірет бастамасымен имамдар форумы өткен болатын. Сол форумда «Құдайы ас беруде ысырапқа жол бермеу» мәселесін көтеріп, бірқатар құжаттарға қол қойды. Соған сәйкес, өңірлерде де түсіндіру жұмыстары қолға алынып, имамдар мен дін істері басқармасының өкілдері халықпен жүздесуге шықты. Салттың шынайы мағынасын қайта жаңғыртпақ...

Сурет ашық дерекқоздан

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың Әнет баба мешітінің бас имамы Естай қажы Әбдіғали мен облыстық дін істері басқармасының басшысы Жанболат Сектай облыстық мешітте жамағатпен кездесті. Кездесу барысында осы жайтты талқылап, халыққа түсіндіру жұмыстары басталатындығын жеткізді. Өңірдегі мешіттердің имамы мен облыстық мешіттің ақсақалдар алқасы, сала мамандары қатысып, мәселені ортаға салды.

– Құдайы ас – халқымыздың ұлттық дәстүрі мен ислам дінінің негіздеріне сүйенген, марқұмның рухына Құран бағышталып, сауап үшін берілетін садақа. Бұл – дінімізде сауапты іс. Дегенмен, соңғы жылдары бұл рәсімнің шынайы мәні кейбір өңірлерде бұрмаланып, ысырапқа, тіпті, бәсекеге ұласып кеткенін көріп жүрміз. Бұл – ең алдымен қаралы үйге ауыр салмақ салып, шынайы ниетке сызат түсіретін жайт. Осыны ескере отырып, еліміз бойынша бұл рәсімді біріздендіру, мәзірін оңтайландыру және шариғатқа сай өтуін қамтамасыз ету мақсатында осы құжат қабылданған, – деді Естай қажы.

Жалпы, бұл жердегі басты талап – асты тек шынайы сауап үшін, әрі дұрыс ниетпен өткізу. Яғни, қара жамылып отырған отбасыға ауыртпалық түсірмеу керек. Ас мәзірінде тек нан өнімдері, шай, ыстық ас, яғни, ет немесе күріш, сары май, тары, талқан, қант, кәмпит қана болуы керек. Ал, астың ұзақтығы 1-1,5 сағаттан аспауы шарт. Асқа имам қатысып, рәсім шариғатқа сай жүргізілуі керектігі баса айтылды. Жамағат дастарқан басына отырған соң тәртіпке сай ақсақалдың батасымен басталып, содан кейін барып Құран оқылып, дұға бағыштады. Көңіл және насихат айтуды ретімен әрі ықшамды өткізу міндеттелді. Ас соңында Құран оқылып, дұға жасалуы керек. Басқарма басшысы өз сөзінде түсіндіру жұмыстары тек мешіт имамдарының мойнындағы іс еместігін жеткізді.

– Қазіргі уақытта ас беру үшін банктен несие алатындар да жоқ емес. Тіпті, қазіргі астар той кейпінде өтіп жатыр. Жайылған дастарқанға қарасаңыз, тойдан ешқандай айырмашылығы жоқ. Осының бәрін түсіндіру тек мешіттің имамдарының ғана мойнындағы іс емес. Қай-қайсымыз болсын жүрген жерімізде айта жүрейік. Жастарға ақыл-кеңес берейік, – деді Жанболат Сектай.

Балқаш қалалық мешіттің бас имамы Нұрболат Қалдарбеков бүгінде бұл мәселе бойынша тиісті түсіндіру жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтады. Нәтижесінде, қала тұрғындары үлкен ресторандарда ас өткізіп, дәлел тартуға тоқтау қойған көрінеді.

– Астың бәсекеге айналуы – дін мен дәстүрге қайшы. Халық арасындағы «Ел не дейді?» деген көзқарас «Алла не дейді?» деген ұстанымды ығыстырып барады. Марқұмға мол дастарқан емес, оқылатын Құран, жасалатын дұға, үзілмейтін сауап қажет. Балқашта дәлел тартылған күні тойханаларда ас берілмейді. Бірақ, әр үйде өтіп жатады. Осының өзін қолға алып, ысырапшылдыққа жол бермеу керектігін түсіндірудеміз, – деді Нұрболат Қалдарбеков.

Сонымен қатар, бас имам қазіргі уақытта жаназадан бұрын ас беру мәселесінің күн өткен сайын күрделеніп келе жатқандығын алға тартты.

– Кейбіреуі марқұмның жамбасы жерге тимей тұрып жаназа намазынан бір күн бұрын 300-400 адамды жиып, қонағасын өткізіп жатады. Ол жерде Құран бағышталмайды. Тек ас ішіліп, дәлел ғана тартылады. Енді сол қонақасын да тоқтату мәселесі көтерілуде. Қазақта «Қаралы үйде қазан көтерілмеген». Тіпті, қайғырып, аза тұтып отырған марқұмның үйіне көршілері ас әкеліп беретін. Осы мәселені біз бір ізге келтіріп, өңір бойынша насихат жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді бас имам.

Айта кетейік, алдағы уақытта өңірдегі мешіт имамдары ресторан, дәмхана иелерімен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізбек. Мақсат – тыйым салу емес, ысырапқа жол бермеудің мәнін ұғындыру. Бұл бастама тек діни талаптың шеңберінен шығып, қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

● ТҰСАУКЕСЕР

Ерлікке құрмет – ұрпаққа міндет

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының ардагері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Жағыпар Ақбергенов жайлы жазылған «Әкенің ақ тілегін өтеу – парыз» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Айтулы шараның басында алдымен майдангер жайлы түсірілген деректі фильм көрсетілді. Сонымен қоса, кітап көрмесі жұрт назарына ұсынылды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа кітаптың тұсауын кесу құрметі Шашубай кентінің әкімі Нариман Жанатұлына, Кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Әміртай Біләлұлына және зейнеткер Қордахан Шыныбекұлына берілді.

– 1981 жылы мен «Балқашбалық» мекемесіне автокөлік цехына басшы болып қызметке келдім. Сол күннен бастап Жағыпар Ақбергенұлы ағамызбен жақын таныстықта болдым. Сол кездегі сол кісілердің киген киімі, жүрген жүріс-тұрысы, сөз мәнері атқарып отырған қызметтері түсіне білген адамға, біздер үшін үлкен мектеп, мағыналы тәрбие еді, – деп еске алды Қордахан Шыныбекұлы.

Нариман Маңғышев Жағыпар Ақбергеновтің ұрпақтарын Алғыс хатпен марапаттады.

Сонымен қатар, ардагердің ұрпақтары сөз сөйлеп, әкелері жайлы естелікпен бөлісті.

– Әкейдің орден, медальдары көп еді. Оның ішінде, екі «Даңқ» ордені болған. Егер де үшінші «Даңқ» орденін алғанда, онда әкей Кеңес Одағының Батыры атағына пара-пар болар еді. Жоғарыда айтылғандай, әкей 1940 жылы әскер қатарына алынады, содан 1941 жылы соғыс басталған алғашқы күннен бастап, соғысқа қатысқан, 1941 жылдың 27 маусымынан Беларуссияда неміс басқыншыларымен соғысқан. Мәскеу қаласын 1941 жылдың қазан, қараша айларында қорғауға қатысқан, 1942 жылдың қазан айында Сталинград түбінде немістердің 22 дивизиясын (330 мың әскері бар) қоршауға алғанда әкейдің болған 3-ші жеке гвардиялық мотоциклшілер полкы неміс басқыншыларының тылына 120 шақырым жерге дейін кіріп кетіп соғысып, өте қатерлі күндерді өткізген. 1945 жылы соғыс аяқталғанда Мәскеуде Жеңіс парадына қатысқан. Содан 1946 жылдың 15 мамыр айына дейін Румынияда әскери борышын атқарған, – деді ұрпақтары.

Жиналған қауым соғыс ардагерінің азаматтық бейнесін еске түсірді. Соңынан ардагердің ұрпақтары әке рухына бағыштап ас берді.

Ақтоғай ауданы

● БАЙҚАУ

Қабілет-қарым сынға түсті

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында Қарағанды теміржол колледжінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары студенттері арасында «locomotive driving skill» республикалық кәсіби шеберлік байқауы өтті.

Конкурста білім алушылар кәсіптік және білім беру ұйымдарындағы алған білімі мен құзыреттіліктерін көрсетті. Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін жалпы және кәсіптік құзыреттерді игеруге ынталандыру мақсатындағы конкурсқа Ақмола, Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Ұлытау облыстарынан 11 өтінім түсті.

Жұмыс берушілердің талабы кәсіби құзыретті маман қалыптастыру үшін басты бағдар болып табылатындығын ескере отырып, студенттердің жұмысын теміржол саласының жетекші мамандары бағалады.

Шараның ашылу салтанатында Қарағанды теміржол колледжінің директоры Ернұр Ерзадаұлы қатысушыларға жеңіс тіледі. ҚТЖ «ҰК» АҚ «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалының өндірістік оқыту шебері, еңбек ардагері, құрметті теміржолшы Асқар Шоқұлбаев жастарға табыс тіледі.

Екі күнге созылған додада студенттер өздерінің кәсіби деңгейлерін байқатты. Байқау тапсырмалары 3w07160501 Локомотив машинисі көмекшісінің біліктілігі бойынша студенттердің теориялық және практикалық дайындығын анықтауға бағытталған.

Барлық модульдердің тапсырмаларын орындау нәтижелері CIS бағдарламасында жинаған балдары бойынша жеңімпаздар атанды. Тартысты додада I орынды Астана қаласы әкімдігінің Көлік және коммуникация жоғары колледжі, II орынды Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі, III орынды Павлодар электроника және коммуникация жоғары колледжі және Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі иеленді. Жеңімпаздарға дипломдар мен кубоктар тапсырылды.

Бақтыбай ШАЛҒЫНБАЕВ,
Надежда ОСЬКИНА

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Қолөнерге құнт керек

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті ғасырлар бойы өзінің жалғасын тауып, бүгінге дейін жетіп отыр. Ежелгі халықтың қолөнері қазіргі заманғы озық үлгілермен ұштасу арқылы жалпы халықтың игілігіне айналуда. Жаңаны жасау үшін ескіні білу – қай кезде де өз маңыздылығын жоғалтпайтын ұғым. Халқымыз тарихта небір қиындықтарды басынан өткізгенімен, ұлттық құндылықтарынан қол үзбегені анық. Алайда, ұлттық қолөнеріміздің кейбір түрлері ұмытылып бара жатқаны рас.

Оқушыларға бағыт-бағдар беру мақсатында гимназиямызда «Сәндік-қолданбалы өнер», «Өрнектер сыры», «Креативті дизайн», «Жас шебер», «Арт Дизайн» сыныптан тыс қосымша сабақтары өтеді. Пәнді өткізуде заманауи технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударамыз.

Өзім жетекшілік ететін «Креативті дизайн» қосымша сабағында құндылықтарды сақтап қалу және әрі қарай қалыптастыру және ұлттық дәстүрімізді уақыт талабына сай жетілдіру көзделген. Қажетті материалдарды дайындап, жүн сабау, түту, иіру технологиясын меңгертуден бастадық. Бүгінде киізден сырмақ, текемет тоқу өнері жанданып келеді. Алайда, алаша тоқу, өрмек тоқу өнері ұмытылып бара жатыр. Бұл өнерді жаңғырту үшін қажетті құрал-саймандарын алып, қолөнер шеберлерінен онлайн түрде шеберлік сыныбына қатысады. Одан оқып, үйренеді. Ал, оқушыларды қазақтың дәстүрлі терме тоқу өнерінің тарихымен, техникасымен таныстырып, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, этнодизайн элементтері арқылы қазіргі заманға мәдениетке бейімдеу, ұлттық мәдени мұраны сақтау және жаңаша түрді насихаттау мақсатында алдағы оқу жылына оқу-әдістемелік құрал ұсынылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында өткізілетін оқушылар арасындағы дарынды, шығармашыл оқушылар қалалық, облыстық көрмелерге, республикалық байқауларға қатысып, нәтижесінде жүлдегерлеріміздің шығуына осы сыныптан тыс сабақтардың пайдасы зор.

Ұлттық қолөнерді дәріптеуде мектепте қолөнер үйірмесін ұйымдастыру – келешек ұрпақ үшін маңызды. Қолөнер үйірмелерінің басты мақсаты, мүмкіндігі мен артықшылығы – жастайынан еңбекке араласқан баланы барлық нәрсенің қадір-қасиетін біліп, барды бағалауға үйрету. Гимназиямыздағы «Ұлттық орталықты» қолөнер бұйымдарымен толықтыру мақсатында «Ұлттық қолөнер шеберлігі» жобасы аясында жұмыстар жоспарлануда.

Қолөнер үйірмелерінің ата-бабадан қалған мәдени шежіремізді сақтап, барынша ұлықтауға үлесі зор. Үйірмеден үйренгені арқылы жас ұрпақ қолөнерді игеріп, өзіндік бітімін қалыптастырады.

Қаршыға ЖҰМАДІЛОВА,
М.Жұмабаев атындағы гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Суретті түсірген **автор**

Мұраптың мұраты

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Кейде бала күнгі қарапайым қызығушылық, алуан сұрақ пен таңданыс – болашақ өміріңнің бағдаршамына айналуы мүмкін. Бұрын алыстан менмұндалаған зауыттың түтініне қарап, «Осы жерде не істейді екен?» деп ойлайтын шақ бәріміздің басымыздан өткені анық. Ал, бүгінде сол ғимараттың ішінде үздіксіз жұмыс ырғағына ілесіп, күш-жігерін сарп етіп жастар еңбек етуде. Солардың қатарында Қарағайлы кен байыту фабрикасында еңбек етіп жүрген жас маман Жандос Әбей де бар. Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында осы кейіпкеріміздің еңбегін жарыққа шығаруды жөн көрдік...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас маман 2020 жылы оқуын тәмамдағаннан кейін біршама уақыт қалада жұмыс істеген. Кейін фабрикадан хабар келіп, жұмысқа орналасады. Сөйтіп, білдей бір кәсіпорынның жас қызметкері болып шыға келген.

– Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Әрі отбасым да жанымда. Ештеңеге алаңдамаймын. Өзім осы Қарағайлының тумасымын. Кішкентайымнан фабрика жайында естіп, біліп келеміз. Тіпті, «Фабриканың ішіне кіріп көрсек қой, шіркін?!» деп таңдана қарап қойып жүруші едік. Қазір сол кішкентай арманымның бірі орындалғандай. Оқуымды тәмамдаған соң көп күтпей осында орналастым, – дейді жас маман.

Қарқаралы ауданына қарасты Қарағайлы кентінде орналасқан бұл алып өндіріс орны – өңірдің экономикалық тынысын ұстап тұрған негізгі кәсіпорынның бірі. Кәсіпорын жалпы бас корпус, ұсақтау бөлімі, көлік учаскесі және қалдық шаруашылығы деген негізгі төрт корпустан тұрады. Ал, әр корпус – күрделі үдерістің маңызды бір-бір буыны. Біздің кейіпкер осы соңғы бөлімде төрт жылдан бері тынымсыз еңбек етіп келеді.

Жандос Нұрланұлының басты міндеті – бүкіл фабриканы сумен қамтамасыз ету. Сорғыларды ауыстырып, оларды майлау – жас маманның құзыретінде. Әрі су қысымын қадағалап, су деңгейін бақылау да тікелей жас маманның міндеті. Ал, егер бір сәтке су тоқтап қалса, не болатынын бағамдай-ақ беріңіз. Сондықтан, оның ісі көзге көрінбегенмен, фабрика тіршілігінің күретамыры іспетті. Оның басқан әр тетігі жүз- деген тонна кеннің қозғалысын, мыңдаған адамның еңбегін алға сүйрейді.

Жұмыс орнын ауыстырып, жаңа ортаға ену – тек кәсіби емес, адами тұрғыда да маңызды өткел. Әріптестердің қабылдауы, ортаға бейімделу, кәсіби ортада өз орнынды табу – бәрі маңызды. Ал, бұл тұрғыда Жандос Нұрланұлының жолы болды. Себебі, өз сөзінде:

– Мен жұмыстағы ең кенжесімін. Жұмысқа тұрған шағымнан ортаға тез үйрендім. Себебі, мұндағы әріптестерім жақын тартып, бәрі маған көмек берді. Барлығын үйретіп, көрсетті. Жалпы, кез келген адам үшін орта ауыстыру өзіндік сынақ қой. Бірақ, керемет әріптестерімнің арқасында ортаға тез үйреніп, жылдам меңгердім, – дейді жас маман.

Жас маманның жұмысына деген жауапкершілігі, кәсіпке деген құрметі сөзінен де, ісінен де анық аңғарылады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауды да ерекше қабылдайтынын жасырмады.

– Биылғы жылдың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны – біз сияқты еңбек адамдары үшін үлкен қолдау, зор мотивация. Өндірісте жүрген мамандардың еңбегі еленіп, қоғамда беделі арта түссе, бұл – жастардың техникалық салаға қызығушылығын оятады деп ойлаймын. Өз басым қарапайым жұмысымды мақтанышпен атқарып жүрмін. Себебі, менің еңбегім де елімнің дамуына қосылған кішкентай үлес екенін жақсы түсінемін, – дейді Жандос Әбей.

Сурет автордың жеке мұрағатынан

Адал табыс бастауы

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды ресми түрде «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға, еңбек адамына деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды әрі уақыт талабына сай қадам. Осы орайда Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінің студенттері республикалық форумнан жүлдемен оралды.

Президент Жолдауында: «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деп атап өтті.

Жұмысшы мамандығын тек кәсіп ретінде емес, ел дамуының іргетасы, мемлекет тірегі ретінде қарау – осы жылдың басты ұстанымына айналды.

Осы тұста еліміздің түпкір-түпкірінде «Жұмысшы мамандықтарының жылын» қолдауға бағытталған түрлі мазмұнды шаралар, форумдар мен байқаулар ұйымдастырылып келеді. Соның бірі – Абай облысының Білім басқармасы мен Семей қаласындағы Геологиялық барлау колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Жастар – жаңа геологиялық ашылулар жолында» атты республикалық студенттік форумы. Бұл форум – еліміздегі техникалық және кәсіптік білім алып жатқан жастардың басын қосқан, кәсіби біліктілік пен шығармашылықты ұштастырған мазмұнды алаң болды.

Аталған форумға Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінен «Жер-Ана сыры» атты команда қатысып, колледждің намысын абыроймен қорғап қайтты. Аталған команда құрамында колледж білім алушылары – Жанбота Жолдас, Нұрасыл Есентай, Қуаныш Қазбеков, Нұрлан Смағұл және Арман Маратұлы бар. Команда жетекшілігін колледждің тәжірибелі де шығармашыл ұстазы Эльмира Таттымбетова атқарды. Форум аясында студенттер «Мен мамандығыммен мақтанамын» атты сахналық қойылым көрсетіп, геологиялық бағыттағы пәндік викторина және мамандыққа қатысты техникалық кейс-тапсырмаларды орындады. Осы үш кезеңде де «Жер-Ана сыры» командасы өздерінің кәсіби дайындықтарын көрсетіп, жүлделі III орынды иеленіп, колледждің мерейін асырды.

Ел Президенті атап өткендей, адал еңбек – адал табыстың бастауы. Жастардың бойына осы қағиданы сіңіру – тек ата-ананың ғана емес, білім ордаларындағы ұстаздар мен басшылықтың да басты міндеті. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру арқылы біз ел болашағына сенімді, білікті, еңбекқор, отаншыл мамандарды тәрбиелеп шығара аламыз.

Аяулым БАЙМАМЫРОВА,
Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Инновациялық технологиялар колледжінің оқытушысы

Суретті түсірген **автор**

Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандиттар назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес «Saryarqa aqparat» ЖШС барлық ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттар сайлау алдындағы үгіт шеңберінде өздерінің сайлау алдындағы материалдарын газетте жариялай алатынын хабарлайды.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің 1 шаршы см алаңының құны ҚҚС-мен бірге 350 теңгені құрайды. Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға газет алаңын беруге бұқаралық ақпарат құралы басшысының атына жазылған жазбаша өтініш негіз болып табылады. Сайлау алдындағы материалдардың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары қаржыландыру көздері туралы ақпаратты қамтуы тиіс екенін еске саламыз.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

● АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180 ЖЫЛ

Зерделі зерттеулерге зер салсақ...

Абай мұрасын әлемдік таным-білік тұрғысынан тану мен насихаттау үшін әлеуметтік, гуманитарлық ғылымның қол жеткізген межесі дәрежесінде талдау қажеттілігі ерекше байқалып отыр. Себебі, Абайдың ақындығы мен ойшыл тұлғасы – тарихи кезеңнің әлеуметтік болмысымен және шындығымен қалыптасқан бірегей құбылыстың көрінісі.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ибраевтың «Абай феномені» (2021) және «Абайдың ақындық бейнесі» (2023) аталатын ғылыми зерттеулері ұлы ойшылдың ақындық тұлғасы мен шығармашылығын ұлттық әдебиеттанудың заманауи жетістіктері мен концептуальдық тұжырымдары тұрғысынан талдауға арналған. Бұл еңбектер қазіргі әлемдік әдебиеттануда басты бағыттардың бірі болып отырған әдеби мұраны әлеуметтік парадигмасына ден қоя зерделеу талабының үдесімен ұштасады. Автор замана шындығының ақын таным-білігі арқылы көрініс табуын пайымдауды мақсат тұтқандықтан, абайтану ілімінде бірқатар мәселені жаңаша қарастыруға болатынына назар аударады.

Көрнекті ғалымның бұл еңбектерінде «Абай поэзиясын феноменологиялық аспектіде зерделеудің маңыздылығы әдебиеттанудың жаңа деңгейін игеру ғана емес, ақын өлеңдерінің терең психологиялық иірімдерін, эстетикалық табиғатын және сананың қайталанбас дара сипатына сай сәйкес бейнеленген болмыстық шындығын тарата талдау» арқылы зерттеу нысанына түскен.

Автор Абайдың ақындық және ойшылдық тұлғасына, шығармашылық үдерісінің қыр-сыры күні бүгінге дейін трансценденталды феноменология тұрғысынан зерттелмеген себептеріне де тереңдей ой жібереді. Оны «абайтану пәнінің қалыптасу тарихында материалистік, атеистік, идеологиялық тұғырнамалардың үстемдік құрып, тарататын мәселенің түп негіздерінде осылармен байланысты ұғымдардың әлі де болса қалып қойғанын аңғарсақ керек» деген пікірі дәлелдейді. Көркем әдебиеттің заман талабына сай келіп, биік идеялы, терең мағыналы болуы – ең негізгі қағида деп білген Абайдың «қуатты ойдан бас құрап» шыққан құдіретті көркем жырымен халықтың сана-сезімін сергітіп, ел көңілін заманның келелі мәселелеріне аударып, болашаққа бой ұрған мұрат-мақсатының жетекшісі бола білгендігі ғылыми жүйеде жаңаша сараланады.

Ғалым Ш.Ибраев кешенді зерделеуді мақсат тұтқандықтан, абайтануда қағидаға айналып бара жатқан кейбір пікірлерді талқылай келе, әлемдік әдебиеттанудың соны талаптарымен ұштасатын тұжырымдар жасайды. «Абайтанудың заманауи мәселелері» аталатын тараудағы ақын мұрасын әлемдік әдебиеттанудың тың бағыттағы әдіс-тәсілдерімен зерделеу қажеттігі туралы ойлары көңіл аударарлық. Мысалы, «Қалай десек те, абайтанудың бағыт-бағдары – Кеңес дәуіріндегі идеологиялық тұғырнамадан теперіш көрген сала. Ол идеологиядан құтылғанымызбен, сол заманның әдебиеттану ғылымының ұғымдарынан, категорияларынан, пайымдау машығынан, талдау тәсілдерінен әлі арыла қойған жоқпыз» деген пікірі әркімді де ойлантпай қоймайды. Шын мәнінде де абайтану ілімінде Алаш арыстары негіздеген бағалауларды алдыға салып қойып, кеңес дәуіріндегі біржақты көзқарастарды тілге тиек етуден аса алмай жүргеніміз жалған емес. «Абай – дана, Абай – дара қазақта» деп қойып, оны дәлелдеуге келгенде бұрыннан белгілі жайттарды термелей жөнелетін шешендер көбейіп отырған осы шақта, автор ақын мұрасының эстетикалық жүйесі мен прагматикалық ерекшелігін заманауи ізденістер арқылы зерделеп бере алған.

Ш.Ибраевтың бұл зерттеулері сол талап деңгейінде табылуымен қатар, абайтану ілімінің ғана емес, қазіргі қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне де арналған. Әлемге Хакім Абайды қандай жоғары дәрежеде танытуға қол жеткізсек, ұлтымыздың да мәртебесін соншалықты асқақтата түсетініміз анық. Бүгінгі абайтануда енді жазылар тың ізденістерге толы сан қырлы аспектідегі ғылыми еңбектер арқылы бүгінгі қоғамға, жас ұрпаққа ақын мұрасын жан-жақты насихаттау мен таныстыру, жарқын болашаққа жол бастаудың бастамасы айқын көрініс тапқан. Хакім Абайдың биылғы 180 жылдық мерейтойы қарсаңында әдіснамалық тұрғыда жаңашыл, ғылыми сипаты терең бұл зерттеулердің жарыққа шығуы құптарлық қадам деуге болады. Абайдың феноменологиялық экзистенциональдық әлемін эстетикалық және парадигмалық аспектіде айқындау мен зерделеу бағытындағы жаңаша ғылыми бастамаларымен құнды зерттеулер екені айқын.

Жандос СМАҒҰЛ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Суретті түсірген **автор**

● КИКБОКСИНГ

Кикбоксшылар бабында

14-19 мамыр аралығында Түркияның Анталья қаласында кикбоксингтен әлем кубогы сарапқа салынды. Жарысқа 41 мемлекеттен 2549 спортшы қатысып, бірнеше бағдарламада күш сынасты. Қазақстан командасы нәтижесінде 10 алтын, 6 күміс пен 14 қола медаль иеленіп, турнир қожайыны Түркиядан кейін II орын алды. Ұлттық құрама сапында 102 спортшы жүлдеге таласты. Айтулы додада балқаштық кикбоксшылар Нұрали Ғалым 81 келі салмақта күміс, Нариман Қайыпхан 67 келі салмақта, Айбат Нұрланұлы 63,5 келі салмақта, Гаухар Сайлаубек 48 келі салмақта қола медаль иеленді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеңімпаздарды спорт жанкүйерлері Балқаш қаласының «Автобекетінен» ыстық ықыласпен қарсы алды. Аналар шашуын шашып, спорт саласының өкілдері гүл шоқтарымен құттықтады.

– Бізге осылай құрмет көрсетіп, күтіп алған жандарға алғысым шексіз. Қолымнан жарақат алмағанда алтыннан алқа тағамын деп ойлаған едім. Үш қарсыласым да Түркияның тарландары болды. Финалда 1:2 есебімен есе жіберіп, күміс жүлдеге қол жеткіздім, – дейді кикбоксшы Нұрали Ғалым.

Әлемдік додаға алғаш қатысып, қола жүлдегер атанған Нариман Қайыпхан бүгінде Балқаш қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттығатын көрінеді. Бұған дейін Шымкент қаласында өткен республикалық жарыста күміс жүлдені иеленген. Өзінің айтуынша, бұл спорт түріне 8 жасында әкесі ертіп келіп, жаттықтырушыларға табыстаған. Спортшы кикбоксингтен аға жаттықтырушы Дулат Сәметовке, бапкерлері Жомарт Үсен мен Айбат Нұрланұлына алғысын жеткізді.

Сонымен қатар, кикбоксингтен аға жаттықтырушы Дулат Сәметов алдағы уақытта Азия чемпионатына дайындықтарын бастайтындығын айтты.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген **автор**

● СПОРТТЫҚ АКРОБАТИКА

«Алтын» дуэт

Жақында Ресей астанасы Мәскеу қаласында спорттық гимнастика бойынша халықаралық турнир өтті. Ол жарыста жерлестеріміз Дилара Байбакушева мен Жеңіс Диас сәтті өнер көрсетті.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған дуэт алтын медаль жеңіп алды. Дарынды балалар тұғырдың жоғарғы сатысына көтеріліп, Ресей мен Беларуссияның ең үздік деген акробаттарын шаң қаптырды.

Сонымен қатар, қола жүлдені әйелдер жұбы Софья Кардапольцева-Малика Манкенова, аралас жұптар Илларион Мацымоха және Алиса Котова, Радмила Антоненко мен Денис Андриевский жеңіп алды. Бұл – Қарағанды гимнастика мектебінің ұзақ жылдық тәжірибесінің жемісі.

Қазір әйгілі де тәжірибелі дуэтіміз Даниэль Диль мен Вадим Шуляр әлемдік біріншіліктердің шыңын бағындырса, жас спортшылар халықаралық турнирлерге бақ сынауда, кішкентай акробаттар жарыстардан жүлде иеленіп жүр.

Тағы бір айта кетері, гимнастикадан облыс чемпионаты да өткен-ді. Оған 60 ұл мен қыз қатысты. Жарыс ерлер, аралас, әйелдер жұптары мен топтар арасында өтті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының грамота, медалімен марапатталды. Бұл олардың әлемдік деңгейдегі додаларға жасаған алғашқы қадамы екенін айта кеткен жөн.

● ФУТБОЛ

Тағы да үш ұпай

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы үшін Қазақстан Бірінші Лигасының VII туры сәтті аяқталды. Бұл жолы жерлестер сырт алаңда «Қайрат Жастарымен» кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Әрі клуб шабуылшысы Диас Қалыбаев осы ойында да көзге түсіп, жалпы Бірінші Лига сұрмергендер тізімінде 5 голмен көш басына шықты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарсыластар допты ойынға қосқан бойда шабуыл ұйымдастырды. Алғашқы минуттан-ақ қақпа маңын торлады. Ал, олардың бұл әрекеті осы жолы нәтижемен аяқталды. 4-ші минутта шабуылшы Азамат Тұяқбаев қақпаға соққы бағыттап, командасын есепте алға шығарды.

Бірақ, кеншілер тарапынан да шабуыл болды. Алайда, кейбір сәттерді дұрыс пайдалана алмады. Дегенмен, қорғанысқа көңіл бөліп, сауатты ойнауға кірісті. Нәтижесінде, кеншілер тәжірибесінің арқасында 40-шы минутта таразы басын теңестірді. Яғни, ойынның бірінші айналымы аяқталмай тұрып, Диас Қалыбаев есеп ашты. Таблодағы көрсеткіш – 1:1.

Екінші айналымда бәрі басынан басталды. Қос командаға да ұпай керек. Сондықтан, екеуі де ештеңеден тайынбады. Екінші айналымға алаң иелері үлкен күшпен оралды. Әуелі, алаңдағы бірнеше ойыншының орнын алмастырды. Негізгі құрамда ойнаған Бекболат Исмаил, Карим Махаметжан, Лев Кургин сынды ойыншыларды қосалқы құрамда отырған жастармен алмастырды. Алайда, бұл өзгеріс алаң иелеріне ешқандай пайда алып келмеді. 55-ші минутта Асқар Біржан ойын ережесін өрескел бұзғаны үшін төреші қызыл қағаз беріп, алаңнан қуды. Ал, бұдан кейін қарағандылықтар ойынды өз қолына алды.

Ойынның 78-ші минутында шабуылшы Арман Нүсіп қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Осылайша ол жеңіс голын салып, командасына үш ұпай алып келді.

Қазіргі уақытта турнир кестесінің көш басында 18 ұпаймен ақтаулық «Каспий» клубы тұр. Одан кейінгі сатыға бір ұпай айырмашылығымен кеншілер табан тіреді. Ал, үздік үштікті 15 ұпаймен павлодарлық «Ертіс» клубы түйіндеген.

Ал, үздік сұрмергендердің көшін «Шахтердің» шабуылшысы бастап тұр. Одан бөлек, сұрмергендер тізімінде үш голмен Арман Нүсіп, екі голмен Максим Галкин де бар.

Енді жерлестер 29 мамырда сырт алаңда өскемендік «Алтай» клубымен ойнайды.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 724

№55 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ербол ЕРБОЛАТ**